

Калиева Самал Агыбаевна

## Кәсіптік қазақ тілі

«Туризм» мамандығына арналған оқу құралы

«Туран-Астана» университеті

КІТАПХАНА

Инв.№

65239

«Альманахъ» баспа үйі

Алматы

2021

ӘОЖ 811.512.122(075.32)  
КБЖ 81.2Қаз-923  
К 15

*Оқу - әдістемелік кеңесі отырысында қаралып, бекітілді.  
№5 хаттама 29.05.19 жс.*

*Пікір жазғандар:*

Смагулова Н. К. – Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің доценті ф.ғ.к.

**Калиева С.А.**

**К 15 Кәсіптік қазақ тілі: «Туризм» мамандығына арналған оқу құралы./**  
**С.А. Калиева – Алматы: Альманахъ, 2021. – 84 б.**

**ISBN 978-601-7590-68-0**

Оқу құралы «Туризм» мамандығы бойынша орыс топтарына кәсіптік қазақ тілі сабағын өткізуге арналған. Әрбір білім алушыға тілдік коммуникация қабілетін қалыптастыруға көмектесетін мамандықтарына қажетті кәсіби сөздер, сөз қорын молайтуға қатысты мәтіндер, тапсырмалар ұсынылған.

Оқу құралы орта оқу орындарының білім алушыларына, туризм саласының мамандарына арналған.

К48.1;140.М.С

ӘОЖ 811.512.122(075.32)  
КБЖ 81.2Қаз-923

*Бұл басылымға барлық құқықтар «Альманахъ» баспа үйіне тиесілі. Авторлық құқық иесінің келісімінсіз кез келген тәсілмен көбейтуге тыйым салынды (келісім-шарт №197, 18.06.2019 жс.).*

**ISBN 978-601-7590-68-0**

© Калиева С.А., 2021  
© Альманахъ, 2021

## МАЗМҰНЫ:

1	Біздің оқу бөліміміз .....	5
2	Мен таңдаған мамандық -менеджер - ұйымдастырушы .....	7
3	Кәсіптік сана .....	10
4	Менеджер — ұйымдастырушының міндеттері .....	11
5	Болашақ жұмыс орным .....	14
6	Өндірістік тәжірибеде .....	18
7	Бәсекеге қабілетті маман болу-заман талабы .....	20
8	Жұмысқа орналасу .....	21
9	Мамандықтың шығу тарихы .....	24
10	Туризмнің дамуы .....	25
11	Туризм түрлері.....	27
12	Қазақстандағы туризм. Ұлттық бірегейлікті сақтау .....	30
13	Еліміздің көрікті жерлері.....	32
14	Түркістан қаласының тарихы бай.....	35
15	Дүниежүзілік туризм дамыған аймақтар .....	37
16	Туристік сапарнамалар .....	39
17	Туристік жорықтар .....	41
18	Экскурсия .....	43
19	Туризм және табиғатты қорғау .....	45
20	Қазақстанда экотуризмнің алатын орны. ....	47
21	Өлкетанудың түрлері .....	50
22	Мәтіндер жинағы .....	52
23	Глоссарий .....	62
24	Тест сұрақтары .....	65
25	Әдебиеттер тізімі .....	82

## КІРІСПЕ

Оқу құралы кәсіптік қазақ тілі пәнінен «Туризм» мамандығы бойынша күндізгі оқу бөлімінде оқитын білім алушылар үшін арналып жасалынды.

Ұсынылып отырған оқу құралында кәсіптік қазақ тіліне арналған мәтіндер, глоссарий, тесттер мен түрлі қызықты тапсырмалар берілген.

Туризм мамандығы – Елбасы жолдауында көрініс тапқан еліміздегі туризмнің дамуын оның жеке индустрия болып қалыптасуын, өңірлеріміздегі әлеуметтік- экономикалық дамудың ырғақтығын көрсетіп, туризм нарығындағы зерттеу жолдарының жаңа бағыттарын, ұстанымдарын ашып көрсетеді. Қазақстанда туризм дамуда қазақ тілді мамандар өте қажет. Сондықтан да, кәсіби қазақ тілінің маңызы зор.

Оқу құралында білім алушылардың ауызша, жазбаша тілін дамытуға, еркін сөйлетуге, сауатты сөйлеуге бағытталған, және де лексикалық тақырыптары мүмкіндігінше жеңілдетілген. Әр тақырыпқа сай түрлі тапсырмалар, жағдаяттар, сұхбаттар, аударма жұмыстары және жаңа кәсіби сөздер берілген. Жаңа ақпараттарды есіне жылдам сақтап, тез қабылдау үшін сөздер мен сөз тіркестерін жұптастыру тапсырмалары құрастырылған. Ал грамматикалық мысалдар мен тапсырмалар лексикалық негізінде құрастырылды.

Білім алушылардың сөз қорын молайтуға қажетті сөздер, мақал- мәтелдер, қазақтың ұлы ақындарының өлең шумақтарынан үзінділер берілген. Болашақ мамандығына қажетті сөйлесу дағдыларымен қоса өмірдің түрлі жағдайларында сөзтапқыштығын дамытатын жаттығулар да берілген.

## №1 тақырып. Біздің оқу бөліміміз



### **1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз, ауызша аударыңыз.**

Біздің оқу бөліміміз «Туризм» деп аталады. Оқу бөліміміз екінші ғимаратта, бірінші қабатта орналасқан. Бөлім меңгерушісі тәртіпті талап ететін, талапшыл, әділ, мәдениетті адам. Ол біздің оқу үлгерімізді, сабаққа қатысуымызды және біздің түрлі шараларға қатысуын қадағалайды. Сонымен қатар үлгерімі нашар білім алушыларымен де жұмыс жасайды. Біздің бөлімізде айына бір рет бөлім жиналысы өткізіледі. Осы жиналыста жалпы топ бойынша ең үздік топты, үнемі түрлі шараларға қатысатын студенттерді атайды. Осы жиналысты студенттер күтеді, өйткені олар өздерінің жетістіктерін тамашалауға асығуда.

Біздің оқу бөліміміз басқа бөлімнен ерекшеленеді. Туризм бөлімінде көңілді кештер, жарыстар, кездесулер өткізіледі. Оқу бөлімімізде білімді, тәжірибелі оқытушылар сабақ береді. Кейбір оқытушылар бізді көрмелерге, саяхатқа апарды. Осы бөлімде оқитын студентер спортпен айналысуға құштар келеді, сабақтан тыс өткізілетін іс-шараларға қатысады және саяхатқа шығуды жақсы көреді. Топпен саяхатқа шыққан кезде топтастарымызбен бірге ұйымшыл, адал, жауапты болуға, достық қарым-қатынасты одан сайын нығайтуға көмектеседі. Мен осы бөлімде оқығанымды мақтан етемін.

**Назар аударыңыз!**

### **Жаңа сөздер:**

Бөлім - отделение

Топ - группа

Мамандық - профессия

Иелену - обладать, владеть

Жүлделі орындар - призовые места

Жетістік - достижение

Құштар - страстный  
 Ұйымшыл - сплоченный  
 Адал - добросовестный, честный  
 Жауапты болу - быть ответственным  
 Жариялайды - объявляет  
 Сөгіс - выговор  
 Мақтау - похвала  
 Жиналыс - собрание  
 Келісемін - согласен (на)  
 Қорытынды - итог  
 Емтихан - экзамен  
 Сынақ - зачет  
 Қадағалайды- контролирует  
 Тексереді - проверяет  
 Ескертеді - напоминает


**2-тапсырма.** *Сөйлемді орыс тілінен қазақ тіліне аударыңыз.*

Колледж ежегодно проводит творческие конкурсы, смотры, олимпиады, активно участвует во всех мероприятиях, проводимых на республиканских, областных уровнях. Возросло количество участия обучающихся и преподавателей в профессиональных конкурсах, олимпиадах в рамках проектов и программ, спортивных соревнованиях. Творческая активность, научно-исследовательский потенциал обучающихся и преподавателей, неоднократно отмечались благодарностями, а результативность подтверждается их победами.

**3-тапсырма.** *Колледжішілік, қалалық, республикалық деңгейдегі өтетін шаралары туралы әңгімелеңіз.*

**4-тапсырма.** *Оқу бөлім меңгерішінің бөлмесі туралы сызба бойынша толықтырып, ауызша әңгімелеңіз.*

Қажетті сөздер: Ашық, жарық, орын, оқытушы, куратор, ойымен бөліседі, шешім қабылдайды, кеңес береді, топ жұмысы, орын.



**5-тапсырма.** *Мақал- мәтелдердің сыңарын дұрыс тауып, дәптеріңізге жазыңыз.*

### Шашылған мақалдар.

Оқу – инемен Оқымаған, Оқыса. Оқу – білім, Білім –. Оқығаныңды айтпа, Білімдіге дүние. Білімсіздің күні Жердің сәні – Ердің сәні – Тіліңмен жүгірме, Білегіңе сенбе,	Кәріп азығы екі бала бір бала ырыс қазығы тоқығаныңды айт. егін білім. құдық қазғандай. біліммен жүгір біліміңе сен. жарық
---	---

**6-тапсырма.** *Тірек сөздер арқылы бес жолды өлең құрастыру.*

1. Кім (кімдер)?, не (нелер)?
2. Қандай?
3. Не істеді?
4. Сөз тіркесі.
5. Сөйлем.

*Қажетті сөздер:* бөліміміз, топтастарымыз, оқытушы, меңгеруші, білімді, тәртіпті, ақылды, адал, қатал, қызықты, болды, үйренді, оқыды, хабарлады.

### 2 тақырып. Мен таңдаған мамандық – менеджер-ұйымдастырушы

Мамандықтың жаманы жоқ,  
бірақ оның кез келгеніне икемділік қажет,  
бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес,  
үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе»  
- деген сөзін басшылыққа алу керек.  
(Ж. Аймауытов)

### 1-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударыңыз.

Мамандық - қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.

Мамандықты таңдау - өте жауапты және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену

керек. Сондай-ақ өз мамандығының 10-20 жылға дейін өз сұранысын жоғалтпауына көңіл бөледі.

Менеджер (ағылшынша manager - басқарушы) - жалдамалы басқарушы, өндірісті ұйымдастырушы маман. Сонда менеджер-ұйымдастырушы - мекеменің жалпы ұйымдастыру жұмысына жауап беретін адам.

Менеджер-ұйымдастырушы жан-жақты сауатты болып, бірнеше шет тілдерді меңгерген, ішкі және сыртқы нарықты, әлем саясатынан хабардар болуы керек.

### **Жаңа сөздер:**

Қарапайым - простое

Өзінің қызығушылығы - свои интересы

Қабілеті - способность

Бейімділігі - склонность

Жалдамалы басқарушы - наемный управляющий

Ұйымдастыру жұмысы - организационная работа

Хабардар болу - чтобы быть в курсе

Келеңсіз жағдай - непредвиденное обстоятельство

Биязылық - деликатный

Қадірлеу - ценить

Озат болу - быть отличником

Мақтаны болу - быть гордостью

Мақтан тұту - гордиться

**Назар аударыңыз!**

**2 - тапсырма.** Тақырып бойынша сұрақтарға жауап беру және өзініңіздің сұрағын құрастырыңыз

Мысалы:

- Мамандық дегеніміз не?
- «Маман иесі» - дегенді қалай түсінуге болады?
- Мамандықты таңдау адам өміріне қалай әсер етеді?
- Болашақта қандай маман болатыны туралы ойладың ба?
- Өзіңнің болашақ мамандығыңды таңдай отырып, сен нені басшылық еттің?
- Мамандық таңдауда ең бастысы не: қабілет пе, дарын ба, әлде мамандықтардың қоғамдағы беделі ме?
- Белгілі бір кәсіптің иесі болу үшін міндетті түрде жоғары білім алу қажет пе?
- Әрбір жеке адам бақытты болу үшін, тоқшылықта өмір сүру үшін не істеу керек?
- Жақсы маман болу үшін адам нені білуі және нені үйренуі керек?
- Болашақ мамандығына қашан, қалай дайындала бастадың?
- Адам бірнеше мамандықты меңгерсе, оның өмірі қандай болады деп ойлайсыздар?



**3 - тапсырма.** *Синоним сөздерді теріп жазыңыз.*

Шұғылдану, едәуір, айналысу, білу, есті, кедергілер, жадына сақтау, біраз, жылдам, талай, қиындықтар, лезде, шапшаң, ақылды.

**4 - тапсырма.** *Жақшаның ішіндегі сөздердің біреуін таңдап жазу және сұраулы сөйлем құрастырыңыз.*

Менеджер жан-жақты (сауатты, көреген, ақылды, әдемі) болып, ішкі және сыртқы рынокты (жақсы, тамаша, керемет, байсалды) білуі керек. Клиенттердің (мүмкіндігі, жағдайы, түрі) мен (қаржы, ақша, финансы) жағдайы қандай деген мәселелерді анықтап отырады. Менеджер деген сөздің өзі бізге ағылшын тілінен келген: бір нәрсені реттеу, бір нәрсені меңгеру, басшылық ету деген сөз. Мәселен, тек ғылыми ізденістермен (айналысатын, білетін, шұғылданатын, көретін) зерттеуші менеджер емес. Алайда, егер ол зерттеуді (ұйымдастыруға, қатысуға, құруға) қатысатын болса, онда ол әрине, менеджер.

**5 - тапсырма.** *Мамандығына байланысты сөздерді дәптерге жазып, еске сақтаңыз.*

**Жаңа сөздер:**

- Мамандық - профессия
- Маман - специалист
- Кәсіп - ремесло
- Қызмет - услуга
- Жолсерік - проводник
- Саяхат - путешествие
- Сапар шегу - путешествовать
- Жер аралау - путешествовать по земле
- Қызығу - интерес
- Қонақүй - гостиница
- Қонақ кәде - подарок гостя
- Қызмет көрсету - обслуживать
- Уәкілетті орган - уполномоченный орган
- Өнім - продукт
- Экскурсия жетекшісі - руководитель экскурсии
- Экскурсияға қатысушы - участник экскурсии
- Саяхат бағдары - маршрут путешествий
- Ұшу бағдары - маршрут полета
- Жағдайдың қолайсыздығы - неудобство ситуации
- Туроператорлық қызмет і- туроператорская деятельность

**Назар аударыңыз!**

**6 - тапсырма.** *Жаңа терминдерді жаттау, жаңа термин сөздермен 5-6 сөйлем құрастырыңыз, сөйлемде сын есім шырай түрлерін қолданыңыз.*

### 3 тақырып. Кәсіптік сана

#### 1 - тапсырма. Мәтінді оқыңыз, түсінгенді әңгімелеңіз.

Кәсіп - адамның қабілеттілігі мен бейімділігіне қарай бір іспен айналысуы. Белгілі оқымысты Г.В.Анованың еңбегінде кәсіптік сана мамандарды теория мен тәжірибені біріктіріп дайындау жолы ретінде қарастырады. Мамандық иесі атанған соң әрбір маман өз кәсібі бойынша еңбек етеді. Алғашқы рет ұжыммен танысады, өзін де көрсете біледі.

Кәсіптік саналықтың бірден-бір көрінісі - ұжыммен тіл табыса білуі. Ұжым мүшелерімен сыйластық қарым-қатынаста болу кәсіби тұрғыдан қызметін, өзіне тән ерекшелігін, кәсіптік сананы каншалықты меңгергендігін көрсете білуі.

Кәсіби саналықтың тағы да бір көрсеткіші - жұмыстың нәтижесі. Әрбір жұмысқа жауапкершілікпен қарап, адамгершілікті көрсете білуді - кәсіби саналықтың бір ерекшелігі.

#### Жаңа сөздер:

Кәсіптік сана – профессиональное сознание  
Кәсіби маман – профессионал  
Тәжірибеге дайындау – подготовка к практике  
Қарастырылады – рассматривается  
Болашақ маман – будущее профессия  
Басшылық ету – руководить, управлять  
Ұжыммен танысады – знакомится с коллегами  
Негізгі көрсеткіш – основной показатель  
Еңбекқорлық – трудолюбие  
Нәтиже – результат

*Назар аударыңыз!*

#### 2 - тапсырма. Сұрақтарға жауап беру.

1. Кәсіп дегеніміз не?
2. «Кәсіптік сана» сөзге түсініктеме беріңіз.
3. Өзінің кәсіптік санан қай кезде қалыптасады деп ойлайсың?
4. Кәсіптік сана қалыптаспаса не болады?

#### 3 - тапсырма. Сын есім сөздерді болымсыз түріне айналдырып жазыңыз.

Саналы, ақылды, ойлы, жігерлі, дарынды, жауапты, сыйлы, тәжірибелі.

#### 4 - тапсырма. Мақал- мәтелдердің баламасын тауып жазыңыз.

1. Беда придет - ум за разум зайдет.
2. Время разум дает.
3. Все хотят порядка, да разума нехватка.
4. Красота без разума пуста.

5. Не стыдно не знать, стыдно не учиться.
6. Білікті білім жинап, кәсіп етер,  
Білімнің дәмін татып, өсіп өнер.
7. Саналы адам сағынды сындырмас,
8. Санасыз адам жағынды тындырмас.
9. Санасызға сан айтсаң да болмайды.
10. Ары жоқ - күлкішіл, санасы жоқ - ұйқышыл.

**5 - тапсырма.** *Ұлы адамдардың нақыл сөздерін оқып, түсінгендерін өз сөзімен айтыңыз.*

1. Бүгін сағы сынды деп жақсыны басынба, қиын қыстау күн туса - сол табылар қасыннан. (Қазыбек би)
2. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек. (А.Байтұрсынұлы)
3. Салт-сананың негізі - елдің қолданған кәсібінде (М. Дулатұлы)
4. Адамның қолы қанат емес, ұшуға арналмаған. Ұшып жүргендерді атып түсіру оңай деуші еді, қаңғыған оқ, қаңғырған аңшыдан сақтан, жарығым.  
(О. Бөкей)
5. Адамның санасы қаншалықты төмен болса, ол мұрнын соншалықты аспанға шүйіреді.

(Омар Хаям)

6. Өз сана- сезімді өзгерте отырып, сіз өз әлеміңізді жасайсыз.

(У.Черчилль)

#### **№ 4 тақырып. Менеджер – ұйымдастырушының міндеттері**

**1 - тапсырма.** *Мәтінді оқыңыз, мәтін бойынша сұрақ құрастырып, жауабын дәптерге жазып алыңыз.*

#### **Менеджер- ұйымдастырушының міндеттері**

Менеджер - ең көп тараған кәсіптің бірі. Бұл - басқарумен, экономикамен шұғылданатын, заң және басқа да мәселелерді жақсы білетін кез келген адам. Шаруашылықтың түйінді орнында жұмыс істейтін кез келген адам да менеджер.

#### **Кәсіптің сипаттамасы**

Туризм жөніндегі менеджердің қызметіне туристік агенттіктермен, нарық маркетингімен байланыс жасау, авиабилеттер сатып алу үшін авиакомпаниялармен өзара байланыста болу, қабылдаушы жақтың сақтандырушы агентімен байланыста болу кіреді.

#### **Кәсіптің ерекшелігі:**

Туризм жөніндегі менеджер компанияға бір немесе бірнеше елдерді тартады, білімін жақсарту мақсатында осы елдерге оқыту турларына оқтын-

оқтын шығып тұрады. Кәсіптің негізгі кемшілігі – әртүрлі келеңсіздікті және форс-мажорлық жағдайларды шешу қажеттігі. Туризм бойынша менеджер барлық наразылықтарды тыңдауға және туындаған жағдайды шұғыл шешуге дайын болуы керек.

### **Міндеттері**

Туризм жөніндегі менеджер клиентке демалысты өткізу түрлерін ұсынады. Демалыс орнын таңдауды ұсынады, жергілікті жердің жолсілтемесін, схемасын, картасын, жоспарын ұсынады. Көліктік кәсіпорындармен, қонақүйлермен және туристік агенттіктермен келісімге отыруды ұйымдастырады. Демалыс үшін таңдалған орынды жарнамалайды. Келген елде немесе аймақта қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы ұсынымдар береді. Қажетті туристік құжаттарды рәсімдеумен айналысады.

### **Жаңа сөздер:**

- Реттеу - привести в порядок, упорядочить, регулировать
- Меңгеру - освоение
- Шұғылдану - заниматься
- Түйінді орнында жұмыс істейтін - доводит работу до конца
- Сақтандырушы - страховщик
- Келеңсіздікті - неприятности
- Наразылықтар - притензии
- Ұсынымдар - рекомендации
- Рәсімдеу - оформление

*Есте сақтаңыз!*

**2 - тапсырма.** 1. Мәтіннен 5 етістік сөздерді теріп жазыңыз, сипаттама беріңіз.

**3 - тапсырма.** *Сөйлемді толықтырыңыз. Ауыспалы мағынада қолданылған сөйлемді табыңыз, басқа сөзбен алмастырып жазыңыз. Сын есім сөздерді теріп жазыңыз, шырай түріне айналдырып, зат есіммен тіркестіріңіз.*

- Оқуымды бітірген соң ..... ойым бар.
- Егер бір жылдай жақсы жұмыс істесем ..... тиісті қаражатты.....
- Содан кейін ойымдағы ..... жүзеге асырамын.
- Ісім өрге домалаған соң, ..... сенімдімін.

**4 - тапсырма.** Кестеде берілген бөліктері бойынша әңгімелеңіз.

Менеджер	Ерекшелігі	Қызмет міндеттері	Менің ойымша,.....
көп тараған, ағылшын тілінен, реттеу менгеру, басшылық ету, зерттеуді ұйымдастыру	жан-жақты сауатты, бірнеше елдерді тартады, әртүрлі келеңсіздікті және форс-мажорлық жағдайлар, наразылықтарды, туындаған жағдай, шұғыл шешу	демалысты өткізу варианттары, демалыс орнын таңдау, келісімге отыруды, қауіпсіздік ережелерін сақтау, құжаттарды рәсімдеу	болашақта мен..... маман баламын (сеніммен айта аламын), мақтан тұту,

**5 - тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Менеджер-ұйымдастырушыға тренингтік оқу қажет пе?
- Менеджер қандай болу керек?
- Басқа мамандықтармен салыстырғанда ерекшелігі қандай?
- Туристік кешендегі жұмысын қалай ұйымдастырылуы керек?

**6 – тапсырма.** Өз ойыңызды ауызша жеткізіп көріңіз.

«Менеджер-ұйымдастырушының міндеттері оңай жұмыс емес» - деген пікірге мен келісемін немесе керісінше келіспеймін.

**№ 5 Болашақ жұмыс орындарым: қонақ үй, мейрамхана**

**1 - тапсырма.** Мәтінді оқып, аударыңыз. Сан есім сөздерді жазбаша жазыңыз.

**Атлантис қонақүйі**



Қонақ үй жағалаудан 280 метр қашықтықта жасанды аралда орналасты. Іргесі мықты болу үшін тереңдігі қырық метр құрайтын 230 қада құмға қағылды.

Инженерлер арнайы эрозиядан қорғайтын төртбұрышты араның ұясына ұқсас тастар ойлап тапты. Олар болашақ аралдың іргесі болды. Жасанды аралды жасау үшін үш жыл кетті. Қонақ үй құрылысына да осындай уақыт кетті. Ғимараттағы бетонның көлемі 70,000 м<sup>3</sup>, болаттың салмағы 9 000 тонна құрады. Әл-Мунтаха (арабша "ең биік") Парсы шығанағынан Дубайға тамаша көрініс ашылатын 200 метр биіктікте орналасқан мейрамхана. Ол консольды аркалық арқылы ғимараттан 27 метрге дейін шығып тұрады. Оған панорамды лифт арқылы көтерілуге болады.


Сүңгуір қайық секілді кемемен тағы Әл-Махара (устрица) мейрамханасына жетуге болады. Мұнда 990,000 л теңіз суын сыйдыра алатын аквариум бар. Судың қысымын ұстап тұру үшін бакты акрилді әйнектен жасаған. Оның қалыңдығы 18 см.

Мейманхана Бес Жұлдызды Делюкс ретінде ресми түрде мойындалады. Бірақ та кейде оны "әлемдегі жалғыз Жеті Жұлдызды қонақ үй" ретінде сипаттайды. Қонақ үй басшылығы мұндай титулды өзіміз ешқашан шығарған жоқпыз дейді. Jumeirah тобының ойы бойынша алдын-ала ашылу рәсіміне қатысқан британдық журналист осы атақты қойды деп ойлайды. Ол өзінің Бурж әл-Араб мақаласында "Жоғарыда айтып өткендей мен мұндай қонақ үйді көрген емеспін және бұл Жеті Жұлдызды қонақ үй деп аталады" деп сипаттаған. Ғимарат ішіндегі атриум биіктігі 180 метрге дейін жетті.

\*Консольды (Арысты) аркалық (Балка консольная) — бір шеті қағып (қатан) бекітілген, ал екінші шеті бекітілмеген аркалық

**2 - тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыз. Қонақүйдің қызмет түрлерін атаңыз.**

### Авиаотель қонақүйі



Сарыарқа халықаралық әуежай аумағында аэровокзал ғимаратына жақын орналасқан, қазіргі заманға сай жабдықталған қонақүй жұмыс істейді. Қонақүйге жеке көлігімен келетін азаматтар үшін арнайы автотұрақ қарастырылған, ал түнде автомобильді күзететін тұрақта қалдыруға болады.

2009ж толық қайта құрудан кейін «Авиаотель» ресми түрде өзінің «3 жұлдыз» мәртебесін дәлелдеді.

Қонақүйде әр түрлі категориялы 35 орынды бөлмелер бар (бірінші және «люкс» класстары).

Қонақүй келіп- кетушілеріне әр түрлі кинофильмдер, футбол жарыстарынан тікелей трансляциялар, әсем әуен тындауға немесе әңгіме барысында қызықты уақыт өткізуге арналған демалу бөлмелері бар. Белсенді өмір салтын қалаушылар қазіргі заманға сай жаттығу залын бағалайды. Сондай-ақ, шашатараз, кір жуатын орын, такси шақыру қызметін ұсынады.

«Авиаотель» қонақүйін қызметтік іс үшін де пайдалы қолдануға болады: мейрамхана қонақтары қалааралық, халықаралық және ғаламтор желісін қолдана алады, іскер адамдар үшін кеңесті, конференция мен таныстыруларды ұйымдастыру мен өткізу үшін барлық қажеттіліктермен жабдықталған қазіргі заманғы мәжіліс залы бар.

### **3 - тапсырма. Мәтінді оқып, аудару. Қонақүйдің ерекшелігін атау.**

#### **Таңғажайып қонақүйі**

Берлин қаласында орналасқан «Қалалық пропеллерлі үй-арал» (Propeller Island City Lodge Hotel) қонақүйінде 30 бөлме бар. Бұл қонақүйдің ерекшелігі бөлмелер бір-біріне ұқсамайды, әр бөлмесі ерекше дизайнмен жасалған. Қонақүй иесі әрі жоба авторы - суретші, музыкант, сәулет өнерінің маманы Ларс Строшен. Ол өз ойын жүзеге асыру мақсатында бес жыл үздіксіз еңбек етті. Строшен қонақүй атауын танымал француз жазушысы Жюль Верннің «Пропеллерлі арал» («L'île à hélice») шығармасының құрметіне қойған болатын. Қонақүй құрылысына 1,5 миллион доллар қаржы жұмсалды. «Propeller Island City Lodge» қонақүйінің әр бөлмесін Строшен өзі ойынан шығарған. Бөлмелердің ішкі көрінісі және жиһаз бен оның бөлшектерінің барлығын Ларс Строшен өз қолымен жасады. Барлық бөлмелер дыбыс құрылғыларымен жабдықталған. Әдемі коллаж, жиі-жиі ауысып тұратын музыка, дыбыс әсерлері қонақ үйдің өзге қонақүйлерден ерекшелігін бірден айқындайды.

Қонақүйге келген әрбір жанға бөлмеде өзін-өзі ұстау ережелері мен нұсқаулары таратылады.

Бұл қонақүйде тіркеу орны қарастырылмаған, қонақтар сағат 8:00-ден 12:00-ге дейінгі аралықта кезекші қызметкермен ұялы телефон арқылы байланыса алады. Келген қонақтар бөлме кілттерін алу үшін өз құжаттарын кепілдікке қалдыруы тиіс. Таңғы ас сағат 8:00-ден 10:30-ға дейін беріледі. Оның құны қосымша төленеді. Қонақүйдегі есеп айырысу күн сайын сағат 11:30-да жүргізіледі. Кейбір бөлмелерде дәретхана мен душ болмағандықтан, бұл бөлмелердің бағасы өзгелерден арзан. Қонақүй ішінде Ларс өз суреттерін қойған көрме галереясы де бар.

*Назар аударыңыз!*

**Жаңа сөздер:**

Арал – остров

Қонақүй іргесі – фундамент гостиницы

Қарастырылған – рассмотрено

Жалпы аумағы – общая площадь

Шаршы метрге тең – равен квадратным метрам

Ойын сауық кешендері – игровые развлекательные комплексы

Салтанатты қақпа – ворота к торжеству

Оның бірінің иесі – хозяин одного из них

Қазіргі заманға сай – современное

Келіп- кетушілер – посетители

Мәртебесін дәлелдеді – доказал статус

Ресми түрде – официально

Әсем әуен- красивая музыка

Қызметтері ұсынылады – предлагаются услуги

Белсенді өмір салтын қалаушылар – люди ведущие активный образ жизни

Қалааралық – междугородний

Таңғажайып – удивительный

Бір-біріне ұқсамайды – не похожи друг на друга



Ішкі көрініс – вид внутри

Өзін-өзі ұстау ережелері мен нұсқаулары – правила поведения и инструкции

Қада құмға – свай для песка

Сүңгуір қайық – водолазная лодка

**4 - тапсырма.** Берілген ақпараттармен танысып шығыңыз, қатыстық, сапалық сын есім сөздерді теріп жазып, өзіне ұнаған бөлменің ерекшеліктерін көшіріп жазыңыз, өзің нені өзгертер едің, әңгімелеңіз.




**«Upside down» - төңкерілген бөлме.**

Бұл бөлменің жиһаздары бөлме төбесінде орналасқан. Ал төсек еденде, люк астында орналасқан. Люк есігін ашқан бойда екі орындық, төрт төсек, ыңғайлы төрт сәкіні байқасыз. Бұл номер ең жарық бөлмелердің бірі әрі бұл бөлме темекі шекпейтіндерге арналған.



### «Gruff» - табыт бөлмесі

Табыт бөлмесі қапас әрі қаранғы. Екі табыттың беті ұйықтаған кезде жабылады. Ал мұндай қадамға жүрексінетін жандар үшін табыт астындағы жайлы төсектерге жайғасуға болады



### «2 Lions»- 2 арыстан бөлмесі.

Бұл бөлмеде темір тор ішінде немесе екікісілік жатын төсекте ұйықтауға болады. Біркісілік темір торлар еденнен 1,5 метр биіктікте орналасқан. Бұл бөлмеде үлкен алтын түсті ванна да бар.

### «Mirror Room» - айналы бөлме.

Бұл бөлмені «Нарцисс бөлмесі» деп те атайды. Көп бұрышты бөлме айналармен қапталған. Бөлмеде шылым шегуге рұқсат берілмейді.

**5 - тапсырма.** Жақшаның ішінде тиісті сөздерді қойып, мақал-мәтелдерді көшіріп жазыңыз.

1. Жан қиналмай, (қарғыс, жұмыс, табыс, ақша) бітпес, талап қылмай, (арманға, мұратқа, өнерге, үйге) жетпес.
2. Қолы қимылдағанның, (аузы, көзі, сөзі, ойы) қимылдар.
3. Еңбексіз (сөз, көз, іс, ой) бітпейді, еріншектің (ойы, арманы, ақылы, қолы) жетпейді.
4. Түйменің (көзсіз, жіпсіз, инесіз, сөзсіз) күні жоқ.

### № 6 тақырып. Өндірістік тәжірибеде


**1 - тапсырма.** Мәтінді дауыстап оқыңыз және аударыңыз.

Өндірістік тәжірибе тәжірибелік жұмыстарды үйрену мен дағдылану, студенттердің оқу барысындағы озық тәжірибелері мен білімдерін меңгеру мақсатында жүргізіледі.

Өндірістік тәжірибе өту кезінде ескеріледі:

1. Өндірістік тәжірибе кезіндегі негізгі міндеттер мен шарттарды анықтау.
2. Кәсіпорын туралы жалпы мәлімет.

Өндірістік тәжірибе жұмысына шығар алдында студентте болуы тиіс: тәжірибеге жолдама, тәжірибе бағдарламасы, өндірістік тәжірибесінің күнделігі.



Өндірістік тәжірибеден өту мақсаты - тәжірибеден өтетін мекеменің құрылысымен, ол мекеменің бөлімдерімен, атқаратын қызметтерімен, қауіпсіздік ережелерімен, жұмысқа қатысты заңдармен, ақпараттық жүйелерімен танысу. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы технологиялармен, ақпараттық жүйелермен, бағдарламалармен танысу және солармен жұмыс жасап көру. Мекеменің желілік байланыстарымен танысу және мүмкіндік болып жатса, теориялық алған білімді іс жүзінде жасап көру. Алдағы аталған мақсаттарға қоса осы өндірістік тәжірибе барысында ұйымның өзіне тән бағдарламаларымен танысып, солармен жұмыс істеу. Студенттің өндірістік тәжірибе кезіндегі міндеттері студенттің тәжірибеден өту кезеңі басталғаннан бастап жұмыстық күшке еніп, еңбек қорғау ережесі және ішкі басқару ережесімен, кәсіпорын қозғалысымен, белгілі бір тәртіпте таныс болуға тиіс. Тәжірибе өту кезеңінде әрбір студент күнделік жүргізеді, және күнделікте атқарылған жұмыстардың түрлері, күндері белгіленеді. Тәжірибе барысында студент өз міндеттерін біліп, сапалы орындауы тиіс.

**Назар аударыңыз!**

**Жаңа сөздер:**

Озық тәжірибе - передовой опыт  
Жолдама - направление  
Бағдарлама – программа  
Міндет - обязанность  
Кесте бойынша - по графику  
Қиын - трудно  
Шақыру - приглашать  
Енгізу - внедрить  
Жасыратыны жоқ - не секрет  
Айналысу - заниматься, увлекаться  
Келешек, болашақ - будущее

**2 - тапсырма.** Мәтін бойынша жоспар құрып, әңгімелеңіз немесе ұсынылған жоспар бойынша әңгімелеңіз.

Жоспар:

1. Біздің тобымыз
2. Өндірістік тәжірибеде
3. Атқарылған жұмыстар

**3 - тапсырма.** Сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

Кешігіп келу, тапсырманы орында(ма)у, жүктелген тапсырманы түсін(бе)у, әріптестер, келіспеушілік, өндірістік тәжірибе, қызықты сәттер, келеңсіз жағдай, себептер, әділ, шынайы, жазықсыз, өнер.

**4 - тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті жалғауын қойыңыз.

Өндіріс... жас мамандар келді. Жетекші біз... тәжірибе талап.....  
айтты. Біз бас маман... кездестік. Біз күнделік..., журнал... жазамыз. Ұжым  
қызметкер.... біз... таныстырды. Біз осы кездесу... жақсы әсер алдық.

**5 - тапсырма.** Нақыл сөздер мен мақалдармен жұмыс. Нақыл  
сөздер мен мақалдарды орысшадан қазақша баламасын немесе керісінше  
табыңыз.

Мысалы: *И вода – еда, если от души подана ( сыйлап берсе, суын іш)  
Не имей 100 рублей, а имей 100 друзей (100 теңгең болғанша 100 досың  
болсың)*

Сыпайның итіңе кет дегенің – өзіне кет дегенің

Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды


Жақсымен жолдас болсаң - жетерсің мұратқа.

Жаманмен жолдас болсаң-қаларсың ұятқа.

"Земля без воды мертва, человек без семьи - пустоцвет."

"Согласье в семье - богатство."

**6 - тапсырма.**



1. Әр маман өз ісіне қандай болу керек?
2. Дәріні көп мөлшерде ішсе не болады?
3. «Менеджер» нені білдіреді?
4. Кәсіби саналық көрсеткіштердің бірі?
5. «Внедрять» сөздің аудармасы?
6. Кәсіппен жұмыс жасау үшін ненің иесі болу керек?

## № 7 тақырып. Бәсекеге қабілетті маман болу-заман талабы

**1 - тапсырма.** *Мәтінді дауыстап оқыңыз, түсінгендерін өз сөзімен айтыңыз.*

Бәсекеге қабілетті білікті маман, адамгершілігі мол азамат қалыптастыру – бүгінгі күннің басты талабы. Алдыңнан шыққан қиындыққа төзіп, сабырлылықпен жауап берсең, болашағынның жарқын арнаға ығысары сөзсіз.

Бүгінгі ұрпақ - еліміздің ертеңі. Сондықтан бәсекеге қабілетті, білімді де білікті маман даярлау мәселесі басым бағыттардың бірі. Елбасы жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауында білім беруді дамытуға айырықша көңіл бөледі. Бұл саланы жаңғыртуда үлкен жұмыстар тыңдырылды. Енді басталған істі жалғастыру міндеті тұр. Бүгінде елімізде білімнің сапасын арттыруға ерекше мән беріліп отырғанын айту керек. Студенттердің жақсы білім алып, өз мамандығының қыр-сырын тануға тиісті жағдай жасалып жатыр дейді

### **Жаңа сөздер:**

Бәсеке - конкуренция

Бәсекеге қабілетті - конкурентоспособный

Білікті - квалифицированный

Төзу - терпелі

Жарқын арнаға ығысары сөзсіз - без слов перейдет в светлое

Басым бағыттары - приоритетные направления

**Назар аударыңыз!**

**2 - тапсырма.** *Үлгі бойынша ауызша ашық әңгіме әдістемесі бойынша сөйлемді аяқтаңыз, ойды аяқтап, әңгіме жүргізіңіз.*

«Жақсы қасиет» деп қандай қасиетті түсінесің?

«Жаман қасиет» деп \_\_\_\_\_ ?

Адамдардың бойындағы қасиеттер \_\_\_\_\_ ?

Ақылды болу деп \_\_\_\_\_ ?

Ақылсыз болу деп \_\_\_\_\_ ?

«Жақсы маман» қалай түсінесің?

«Бәсекеге қабілетті маман» болу дегеніміз?

«Бәсекеге қабілетті туризм» деп нені айтамыз?

Мен болашақта ..... маман боламын, өйткені.....

**3 - тапсырма.** *«Жылдам еске сақтаймыз» ойыны. Шарты: Өлеңді жылдам оқып, лезде дәптерге көшіріп жазу, есімдіктерді анықтау. осы есімдіктерді қай кезде қолданатынын айту.*


«Сіз» деген – сыпайылық,

«Сен» деген – анайылық.

«Біз» деген – көмек

«Сіз» деген – әдеп

#### 4 - тапсырма. Сызба бойынша әңгімеле.

Жеке тұлға қалыптастырудың жолдары  қандай?  
қалай?  
не үшін?

**5 - тапсырма.** «Балық аулау» ойыны. Ойынның тәртібі түсіндіріледі. Білім алушылар дәңгеленіп отырады. Бір-бірімен балық аулауға не алып баратындығын айтады. Егер де «сиқырлы сөз» қосып айтқан ойыншы болатын болса, ол ойыншы балыққа бірге барады. «Сиқырлы сөз» қосып айтпаған ойыншы балыққа баруға алынбайды. (сиқырлы сөз: өтінемін, рұқсат болса, рахмет, рақым етіңіз)

Мысалы: Рұқсат болса, менің ойымша, Бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу - заман талабы.

#### № 8 тақырып. Жұмысқа орналасу

«Отанның болашағы, мемлекеттің келешегі жастардың қолында, яғни сендердің қолында, сондықтан олардың өрісті ойы, өркенді ісі, табанды тіршілігі тек біліммен ұштасқан біліктіліктің арқасында биік белестерге жетеді»

Н. Ә. Назарбаев

**1 - тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, өмірбаяныңды жазыңыз.

Мен, \_\_\_\_\_, 20\_\_ жылдың, \_\_\_\_\_ айында Астана қаласында дүниеге келдім. Әкем (Қайырханов Рысбек Рақымғалиұлы) – (менеджер), шешем (Рымгүл Хайроллақызы) – (зейнеткер). 20\_\_ жылы \_\_\_\_\_ қаласының № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ орта мектебінің бірінші сыныбына оқуға бардым. Мектепті \_\_\_\_\_ жылы бітірдім. \_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ оқуға түстім.

\_\_\_\_\_ жылы аталған \_\_\_\_\_ бітірдім. \_\_\_\_\_ жылдан бастап \_\_\_\_\_ тәжірибе өттім. Бос уақытымда \_\_\_\_\_ айналысамын.

Мекен – жайым: \_\_\_\_\_ көшесі, \_\_\_ - үй, \_\_\_ - пәтер. Т. \_\_\_\_\_

**2 - тапсырма.** Оқы. Еңбек түрлерін ажырат, болашақ мамандығын қай топқа жататынын сөз етіп, дәлелде.

Адамның атқаратын еңбегі бойынша мамандықтар 5 топқа бөлінеді:

- адам – техника,
- адам – адам,

- адам – белгі жүйесі,
- адам – табиғат,
- адам – көркем образ.

Адам – техника: бұл типке техникалық құрылғылармен жұмыс жасайтын ұшқыштар, матростар, электромонтерлер, слесарь жатады.

Адам – адам: мұнда мамандық иесі үшін еңбек нышаны болып басқа адам табылады, ал қызмет сипаттамасы – басқа адамдарға әсер ету, адамдармен жұмыс істеу. Мұндай мамандықтарға мұғалім, дәрігер, журналист, сағушы, зангер, банкирлер жатады.

Адам – белгі жүйесі: бұл типті таңдаған адамдар абстрактілі ұғымдармен жұмыс жасауды білуі керек және ой-өрісі өте кең болу керек. Бұл бухгалтерлер, оқымыстылар, ЭЕМ операторлары, зертханалар мен ғылыми орталық жұмысшылары.

Адам – табиғат: бұл тип мамандары өлі және тірі табиғат процестері мен құбылыстарымен жұмыс істейді. Олар мал дәрігері, агроном, гидролог, механизатор, тракторист, эколог.

Адам – көркем образ: бұл типке өнер мен көркем өнерге бейім, талантты адамдар жатады. Олар архитекторлар, дизайнерлер, суретшілер, әнші, актерлер.

### 3 - тапсырма. Сұрақтарға жауап бериңіз.

- 1) Жұмысқа орналасу кезінде нені ескеру керек?
- 2) Жұмысқа орналасу кезінде қызметкер қандай қателіктерді жібермеу керек?
- 3) Жұмысқа орналасу кезінде жұмыс беруші нені басшылыққа алады?
- 4) Сен өзін болашақта бірден өз қалауың бойынша жұмысқа орналасамын деп сеніммен айта аласың ба?

### 4 - тапсырма. Кестені толтырыңыз.

Екі мың бес жүз тоқсан екі	
	5859
Жиырма үш мың бес жүз тоқсан алты	
	52654
	46521
Жетпіс төрт мың бір жүз қырық тоғыз	
	932574
	187356
Екі жүз отыз жеті мың бір жүз қырық екі	
Сегіз жүз елу төрт мың жеті жүз жиырма үш	

Бес миллион екі жүз қырық үш мың алты жүз отыз төрт	
	5864245371
Жиырма сегіз миллиард тоғыз жүз отыз төрт миллион сегіз жүз қырық бес мың алты жүз жиырма бір	

**5 - тапсырма.** Жұмысқа орналасу үшін түйіндеме құрастырыңыз.

### Түйіндеме

Аты-жөні:

Мекен-жайы:

Телефон:

E-Mail:

- Жалпы ақпарат:

Туған жылы:

Ұлты:

Жынысы:

Отбасы жағдайы:

Азаматтығы:

- Жұмыс тәжірибесі:

- Мекеме атауы, жылы, қаласы:

- Білімі:

Орта арнаулы

Жоғары

-Тілді білуі:

- Компьютерді игеруі:

- Жеке қасиеттері:

- Қосымша ақпараттар:

- Құштарлығы:

- Ұсыным хаты:



### № 9 тақырып. Мамандықтың шығу тарихы

**1 - тапсырма.** Мәтінді дауыстап оқыңыз және аударыңыз.

Ежелгі дүние тарихында қазіргі Қазақстан территориясы бойынша алғашқы ұйымдасқан саяхаттар, б.з.б. 3 мыңжылдықта қалыптаса бастаған, ғаламдық туристік объект – Ұлы Жібек жолымен байланысты. Зерттеушілер біздің заманымызға дейін Қытай және осы елге әкелетін жол сипаттамасы туралы мәліметтерді өз еңбектерінде көрсеткен. Б.з.б. 2 ғасырда Клавдий Птолемей өзінің "Географиялық басшылығында" осы мәселелерге айрықша

орын бөлген. Кейін Ұлы Жібек деп аталған жол туралы сипаттамалар оның еңбектері арқылы алғашқы болып бізге жетті. Бұл сипаттама өзінің бастауын б.з.б. 1 ғасырдың соңынан алған. Платомей біздің заманымызға дейін жетпеген Марка Тирский шығармаларын, ал ол өз кезегінде әулетті көпес Мая Тицианның мәліметтерін пайдаланғанын баяндайды.

Аталған жол Евфрат түбіндегі римдік шекаралық Гиераполь қаласы арқылы өтті, Месопотамияны кесіп, Тигр өзеніне, кейін Мидиядағы Экбатанаға шықты, оңтүстіктен Каспий теңізіне айналып, Парфия астанасы Гекатомпилға, Маргиандық Анохияға, Бактрға өтіп, Камед таулары арқылы Татим өзенінің бассейніне түсті. Сол жерден ол Қытай астанасына әкелді. Бұл Ұлы Жібек деп аталған жолдың классикалық антикалық сипаттамасы еді.

### **Жаңа сөздер:**

Ұйымдасқан саяхаттар - организованные экскурсии  
Мыңжылдық - тысячелетие  
Жол сипаттамасы - описание дороги  
Әулетті - состоятельный  
Бастауы – начало

**Назар аударыңыз!**

**2 - тапсырма.** Термин сөздерге түсініктеме жазыңыз.

Саяхат, тур, серуен, сапаржай, жолсерік, жолдама, круиз, экскурсия, туристік ваучер, круиз, лайнер, борт, палуба, жолаушы, саяхаттаушы, оазис, экзотикалық тірі ағаштар, верф.

**3 - тапсырма.** Сөйлемді аяқтаңыз.

Ұзақ демалыс басталғанда .....  
Менің отбасым .....  
Біз үнемі саяхатқа .....  
Денсаулық үшін пайдалы, өйткені .....

**4 - тапсырма.** Тірек сөздер арқылы сөйлем құрастырыңыз.

*Тірек сөздер:* Мыңжылдық, Ұлы Жібек жолы, көрнекті жерлер, жарнама, сұраныс, экономика саласы ретінде, туризм менеджерлері.

**5 - тапсырма.** «Соңғы дыбыс» ойыны. Шарты: Білім алушылар шеңбер бойымен тұрады, жүргізуші тақырыпқа қатысты сөз айтады. Сөз қандай дыбысқа аяқталса, білім алушы сол дыбыстан басталатын сөзбен жалғастырады. Ойын жалғасады.

Мысалы: мұхит тасбақа акула т.б



## № 10 тақырып. Туризмнің дамуы

### 1. тапсырма. Мәтінді дауыстап оқыңыз және аударыңыз.

#### Туризмнің даму тарихы

Туризм - қоғамдық, шаруашылық, кеңістік қатынас. Туризм тарихының тамыры өте тереңде жатыр. Біз туризмнің даму кезеңін үшке бөлеміз:

I. XVIII ғасырдың соңына дейінгі туризм;

а) ерте заманғы туризм;

ә) жаңадан пайда болған туризм және орта ғасырлар уақытындағы туризм;

б) XVII-XVIII ғғ. туризм.

II. XIX-XX ғғ. туризм – екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі;

III. Қазіргі туризм

Туризм – туристік саяхаттар, сауда-саттық сапарлар өзінің мәнін жоғалтқанда басталды. Алғашқы діни саяхаттар б.э.д. төртінші мыңжылдықта жүргізілді. Ежелгі Египетте басталды. Б.э.д. 1501-1484 жылдары Египет ханшасы Хатшеспуттың ұйымдастыруымен Пунт деген теңіз аралына саяхат жасалды. Ал, б.э.д. VI ғасырда египеттік Фараон Нехао Африка төңірегінде атақты ұшжылдық саяхат құрған. Осы кезеңде көптеген саяхаттар болды.

Туризмнің алғашқы қадамдары XVII-XVIII ғасырларда басталды. Ең бірінші туристік саяхат Англияда пайда болған. Онда 1841 жылы Томас Кук 600 адамнан құрылған топты Лейстерден Лафбороға дейін апарып, темір жолмен саяхат жасаған.

1882 жылы ең алғашқы әлемдік "Куктың жер шарын айналған" саяхаты болды. Ол темір жол және пароход компанияларымен, қонақ үй және мейрамханалармен келісім құжат жасады. Томас Кук ең алғашқы болып туристік "тур" деген сөзді ашты. Ол бірінші болып туристік маркетинг пен менеджментке жол ашты. Сол үшін Кук бірінші туризм менеджері болып саналады.

Халықаралық курорттардың дамуы Германия, Швейцария, Франция, Италия, Чехия – мемлекеттерін халықаралық дәрежеге жеткізді. XVIII ғасырдың аяғында басқа елдерге барып саяхат жасап жүрген адамдарды туристер деп атай бастады.

#### Жаңа сөздер:

кеңістік қатынас - пространственное отношение

ұйымдастыру - организовать

теңіз аралы - морской остров

дәреже - категория, уровень


*Назар аударыңыз!*

**2 - тапсырма.** Оқып шығып, қазақ тіліне аударыңыз, бірыңғай мүшелерді тауып, түрлерін анықтаңыз, сөйлем ішінде сын есім сөздерді теріп жазып, зат есім сөздермен тіркестіріп сөйлем құрастырыңыз.

Живописным сочетанием гор, долин и озер, а также нахождением в центре Европы издавна привлекала к себе отдыхающих Швейцария. Еще в 1914 году туда направлялось до 80% европейских туристов. Местности со сложным, горным рельефом, частой сменой ландшафтов наиболее привлекательны для отдыхающих. Их манят живописные пейзажи, чистый живительный горный воздух, возможности заняться туризмом, альпинизмом, охотой. Лес создает особую успокаивающую обстановку, имеет важное оздоровительное значение. Снижает уровень шума в рекреационных местностях; уменьшает летнюю жару; снижает скорость ветра. Развитие курортов и зон отдыха всегда сопряжено с посадкой леса, разбивкой парков и садов, созданием зеленых зон. Реки и озера украшают ландшафт, создают благоприятный микроклимат, позволяют заниматься разными видами рекреационной деятельности: купанием, водным спортом, рыбной ловлей.

**3 - тапсырма.** «5 қалпақ» әдісі бойынша «Қазақстанда туристік мүмкіндіктері» - тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізу.

Ақ қалпақ – фактілер келтіреді, қызыл қалпақ- болжам жасайды, сары қалпақ – жақсы жақтарын айтады, жасыл қалпақ – мүмкіндіктері мен идеяларды келтіреді, көк қалпақ –жалпы шолу жасап, шешім шығарады.



**4 - тапсырма.** Мақал- мәтелдерді оқу, бір мақалға тоқталып әңгіме жүргізіңіз.

1. Заманына қарай заңы,  
Тоғайына қарай аңы.
2. Адам мен табиғаттың тілдескені - өмірдің үндескені.
3. Жаз сайға қонба,  
Қыс қырға қонба.
4. Адамның табиғатсыз күні жоқ,  
Табиғаттың оны айтар тілі жоқ.

## №11 тақырып. Туризм түрлері

**1 - тапсырма.** Мәтінді дауыстап оқу, аудару.

Туризм түрлері: әлеуметтік, экологиялық, шытырман оқиғалы, спорттық, іскерлік, емдік-сауықтыру, мәдени-танымдық, діни.

1. Мәдени-танымдық туризм- туристерді мәдени құндылықтармен таныстыру арқылы көзқарастарын кеңейту. Түрлі тарихи, архитектуралық және ескерткіштерге, театрландырылған қойылым, музыкалық, кино, діни мерекелерге, сурет көрмелеріне, лекция, семинар, симпозиум, шетел тілін оқу және құзіреттілікті көтеретін тренингтерге бару.

2. Шытырман туризм - ол байдаркамен жүзу, тау шанасымен жүру, джип-тур. Сонымен қатар атпен, түйемен, итпен, солтүстік бұғымен серуендеу жатады. Шытырман туризміне тыныш өзеннен жүру немесе Антарктидаға бару, бір сөзбен айтқанда «жаңа ашылуларға» ұмтылу.

3. Спорттық туризм- спорттық бағдарлау, мультиспорт, шыңға шығу (скалолазанием), альпинизм, рафтинг, маунтинбайк (альпинизм), шаңғы, яхталық болып бөлінеді. Спорттық туризм сонымен бірге қоршаған ортада табиғи апаттарда алғашқы көмек көрсетуге дайындық ретінде де болуы мүмкін.

4. Іскерлік туризм - бұл әртүрлі ұйымдардың қызметкерлерінің шетелге іскерлік кездесуге немесе корпоративтік іс-шараларға баруы.

5. Сауықтыру туризмі оның ішінде белсенді туризм – көптеген демалу түрінің бір түрі болып есептеледі. Сауықтыру туризмі:

- шипалық курорттық емделу;
- климаттық, бальнеологиялық , шипалы балшықты курорттар;
- SPA&Wellness орталықтары;
- баларды сауықтыру ұйымдары;
- диагностикалық, оңалту орталықтары;
- емханалар (клиникалар).

**2 - тапсырма.** Термин сөздерге түсініктеме жазу, бір түрін әңгімелеу.

Авто-жаяу турлар, спелеотуризм, спелестология, тау велосипеді, велосипед туризмі, тау шаңғы туризмі, фрирайд, виндсерфинг, скейтбординг, дайв-туризм, каякинг, рафтинг, ғарыштағы туризм, джайлоо-туризм.

3 - тапсырма. Берілген суреттер мен сызба бойынша белсенді туризмді сөз етіңіз.



### Белсенді туризм

Активті туризм




Пассивті туризм



Бұлай болып бөлінуі саяхаттау және демалу барысында қолданылатын құралдардың түріне, олардың болу-болмауына байланысты болып келеді.

## Our College





**4 - тапсырма.** Берілген мәліметті жазып алыңыз, бір аймақты таңдап алып, сол жердегі туризм түріне ақпарат жинаңыз.

**Қазақстандағы экстремалды туризм:**

Оңтүстік Қазақстанда – альпинизм, велотуризм, судағы туризм.

Солтүстік Қазақстанда – альпинизм, судағы туризм.

Шығыс Қазақстанда – альпинизм, судағы туризм, рафтинг.

Орталық Қазақстанда – альпинизм, судағы туризм, спелеотуризм.

Батыс Қазақстанда – судағы туризм.

**5 - тапсырма.** Көп нүктенің орнына мазмұнына қарай сөздерді қойып, сөйлем құру.

Белсенді туризм - көптеген демалу түрінің бір түрі болып есептеледі. Шаршағанды басуға көмектесетін тек қана ..... .. емес, сонымен қатар созылған жүйке-жүйе мен ..... көмектеседі. Көптен көп адамдар таулардың ....., ..... көргісі келеді, таулы өзендерде ..... келеді, тау шаңғысымен немесе ..... жүргісі келеді және осы арқылы белсенді туризмге туристер үйрене бастайды. Жаяу туризм - күрделі емес .... және .... жерлерде өткізілетін туристік жорықтар. Халықтық топтар арасында ең көп тараған белсенді туризм түрі болып есептеледі: арнайы көлікті қажет етпейді, кез- келген аумақ бойынша жорықтар ұйымдастыруға болады.

**6 - тапсырма. Кестені толтырып жазыңыз.**

Туризм туралы	Ерекшелігі	Өзімнің сапарларым	Менің ойымша,.....
			Қазақстан туризм саласында...., менің ойымша....,

**Жаңа сөздер:**

Белсенді туризм - активный туризм - Active tourism

Экстремалды туризм - экстремальный туризм - extreme tourism

Жағажай - пляж - Beach

Атаққұмарлық - честолюбие - ambition

Төлемақы - оплата - payment

Шытырман оқиғалы - приключения - adventures

Іскерлік туризм - деловой туризм - business tourism

**Назар аударыңыз!**

**№12 тақырып. Қазақстандағы туризм. Ұлттық бірегейлікті сақтау**

**1 - тапсырма. Оқып шығыңыз. Ең негізгі оқиғаларды теріп жазыңыз.**

1993 жылы егемен Қазақстан Дүниежүзілік туристік ұйымына мүше болып, туризмді дамытудың алғашқы бағдарламасын жасаған болатын. Ал 1997 жылы «1997-2003 жылдары аралығында Ұлы Жібек жолындағы тарихи орталықтарды қайта жаңарту, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұраларын сақтау және туристік инфрақұрылымдарды құру туралы» мемлекеттік бағдарлама бекітілді. Қазақстан-2030 дамуының стратегиялық бағдарламасында да бұл саланың аса зор маңызы бар екені атап көрсетілген. Тиімді және бәсекеге қабілетті туристік бизнесті және осы мақсатқа сәйкес имиджді орнықтыру мақсатындағы 2003-2005 жылдарға арналған жоспарланған жоба табысты жүзеге асырылды.

2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының туристік саласын дамыту тұжырымдамасының аясында Астана, Алматы, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстық 5 аймақтық кластерлер анықталды.

**2 - тапсырма. Оқып шығыңыз. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз.**

Астана және Алматы қалалары бизнес-туризмнің даму орталықтарына жатады. Шығыс Қазақстан экологиялық туризм, ал Алматы қаласы - тау туризмінің даму орталықтары ретінде қарастырылады. Оңтүстік Қазақстан аймағы мәдени туризмді дамыту орталығы, ал Батыс Қазақстан - аумағы мәдени, «жағажай» демалыс ретінде анықталады.

Қазақстанда 9000 аса археологиялық және тарихи мұралар, 118 ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, олардың арасында 11 мемлекеттік ұлттық табиғи парк ашылған. Елдегі ең танымал орындар Алматы облысындағы «Алтын Емел» мен «Іле-Алатау ұлттық паркі», Павлодар облысындағы «Баянауыл», Ақмола облысындағы «Көкшетау» мен «Бурабай» болып табылады.

Қазақстан тұрақты даму мен беделі көтерілуінің арқасында бүкіл дүние жүзіне танылып отыр және осыған туризм өз үлесін қосады. Бұған дәлел ретінде Дүниежүзілік Туристік Ұйымның 18-ші Бас Ассамблеясы, Астанала өтетін ЭКСПО-2017 - Дүниежүзілік көрмесі және Алматы-2017 Дүниежүзілік Универсиадасы секілді ірі халықаралық шаралардың Қазақстанда өткізілуі деп айтуға болады.

### **3 - тапсырма.** Мағынасына қарай синоним тіркестерді жазыңыз.

Алғашқы бағдарламасы, аса зор маңызы, сәйкес имидж, ең танымал, үлесін қосады.

**4 - тапсырма.** Ұсынылған сөздермен сызба бойынша сөйлем құрастырыңыз. Қандай?+ не? + қайтты ( қайтеді, қайтпек)? Етістіктің шақ түрін анықтаңыз.

*Мысалы: Жаңа орталықтар ашылмақ. Сауықтыру орталықтары жұмыс жасайды. Емдеу орталықтарына бардым.*

Орталық, саябақ, көрме, орын, аймақ, туризм, жол, өрнек, салмақ.

### **5 - тапсырма.** «Қазақстандағы туризм» тақырыбына диалог құрастыру.

- Сәлеметсіз бе!
- Сәлеметсіз!
- Қош келдіңіз, Сіздің «.....» турфирманы таңдағаныңа қуаныштымыз!
- Рахмет, мен Қазақстан жері бойынша саяхат жасағым келеді, сіз қай жерлерді ұсынар едіңіз?
- .....

#### **Жаңа сөздер:**

- Бірегейлікті сақтау - сохранение идентичности
- Қайта жанарту – реконструкция
- Бәсекеге қабілетті – конкурентоспособной
- Бекітілді – утверждён
- Табысты жүзеге асырылды - успешно реализован
- Тұжырымдамасы – концепция

**Назар аударыңыз!**

### №13 тақырып. Еліміздің көрікті жерлері

#### 1 - тапсырма. Оқып шығы, аудару. Қосымша ақпарат жинаңыз.



Елімізде табиғат сыйлаған ғажайып орындар жетерлік. Исі аңқыған гүлдерге толы құлпырған далалар мен биіктігі бұлттарға жетіп бірақ тоқтайтын жұмбақ таулар әрдайым жұртшылық қызығушылын арттырып келе жатқандығы көңіл қуантады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанға қатынайтын туристер саны жыл өткен сайын артып келе жатыр. Атап өту керек, бұлардың көпшілігі табиғатты тамашалауға келгендер.

#### Шымбұлақ




«Шымбұлақ» тау шаңғы курорты – Іле Алатауы шатқалында 2510 метр биіктікте орналасқан. Жайлы климат, шуақты күндердің көптігі, тұрақты қар жамылғысы және табиғаттың таңғажайып көрінісі бұл жерге қысқы спорт түрлерін жақсы көрушілерді ғана тартып қоймайды. Сонымен қатар табиғат аясында, таза ауамен тыныстауды жақсы көретін жандар үшін де таптырмас орын.

#### Шарын шатқалы



Бұл Қазақстанның өте көне және көркем жерлерінің бірі. Алматыдан шамамен 200 шақырым жерде орналасқан. Ұлттық паркінің құрамына кіретін Шарын шатқалы отандық және шетелдік туристерді таңғажайып көріністерімен тамсандыратыны рас. Мұнда өсімдік атаулының 1500 жуық түрі бар, 17-сі Қазақстанның Қызыл кітабына енген.


## Бурабай Көкше



Арқаның  
кербез  
сұлу..

Бурабай Көкше өлкесіндегі ғажап мекен. Мұндағы ең танымал жер Жұмбақтас десек, артық айтпаймыз. Оның тұрпаты бір қарағанда египеттік сфинксті, енді бірде кемпір кейпін, кейде сұлу қызды көргендей әсер қалдырады. Бурабай және Үлкен Шабакты көлдерінің арасындағы қылтадан табиғаттың керемет сұлулығын көре аласыз.

## Бекет ата жерасты мешіті




Елінің  
жүзі

Маңғыстау облысындағы Үстіртте орналасқан Бекет ата жерасты мешітіне арнайы зиярат етіп келушілер көп. Облыс орталығы Ақтау қаласынан Қарақия ойпаты арқылы Жаңаөзен қаласына жетіп, әрі қарай міндетті түрде Шопан ата қорымына соғады.




## Баянауыл ұлттық паркі



Көрікті  
өңір

Бұл Қазақстан аумағында ерекше қорғауға алынған жерлердің бірі. Табиғи флора мен фаунаны сақтау мақсатында 1985 жылы құрылған. Онда сізді таңқалдыратын әртүрлі пішіндегі жартастарды кездестіруге болады.

## Қатон-Қарағай ұлттық табиғи паркі



Ерекше,  
қайталанбас  
жер!

Бұл – Қазақстандағы ең үлкен ұлттық парк. Ондағы флора мен фаунаның алуан түрлілігі кімді де болса тамсандырады. Алдын ала алынған мәліметтерге қарағанда, парк аумағында тамырлы өсімдіктердің мыңнан аса түрі өседі. Олардың ішінде 30 түрі Қызыл кітапқа енген. Парктің басты игілігі болып табылатын орман ол аумақтың 34 пайызын алып жатыр.

**2 - тапсырма.** Сөйлемді толық аяқтап жазыңыз. Сондай-ақ басқа да ірі қалалардың ең танымал жерлерін атап жазыңыз.

Елордамыз – Тәуелсіз Қазақстанның \_\_\_\_\_. Дәл осы жерде ең маңызды және \_\_\_\_\_ оқиғалар өтеді. Мұнда ҚР Президентінің резиденциясы – \_\_\_\_\_ Бәйтерек, сондай-ақ танымал «Атамекен» \_\_\_\_\_.

Алматы үлкен іскерлік және \_\_\_\_\_. Ұзақ жылдар бойы қала Қазақстанның \_\_\_\_\_. Ол өзінің архитектуралық \_\_\_\_\_ танымал. Онда «Медеу» \_\_\_\_\_ көрікті жерлер көп.

**4 - тапсырма.** *Болымды және болымсыз етістіктерді қолдана отырып, еліміздің көрікті жерлері туралы досыңызға хат жазыңыз (70-90 сөз).*

**5 - тапсырма.** *«Еркін микрофон» әдісі сұрақтарға жауап беру.*



1. Қазақстанның табиғаты сені неліктен қызықтырады?
2. Өз еліңнің көрікті жерлерін басқа елдермен салыстыра аласың ба?

**Жаңа сөздер:**


- Жетерлік – достаточно
- Исі аңқыған – запах приятный
- Шуақты күндер - солнечные дни
- Шаткалы – урочище
- Тұрпаты – вид, тип
- Жерасты мешіті - подземная мечеть
- Игілігі – благо
- Жартас – скала; утес

**Назар аударыңыз!**

## №14 тақырып. Түркістан қаласының тарихы

Күллі түркі еліне ұран болған Түркістан,  
Бір көруге адамдар арман болған Түркістан,  
Түркі тілдес елдерге тірек болған Түркістан.  
Мына екі дүниеге жүрек болған Түркістан

1. тапсырма. Мәтінді дауыстап оқу және аудару.



Қазақстанның ең көне қалаларының бірі. Оның ең басты көрнекті жері V ғасырда іргесі қаланған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Ол сол заманның ерекше сәулет туындысы болып табылады. Күмбезі қыштан соғылған ғимарат ішінде үлкенді-кішілі 35 зал мен бөлме бар. Олардың барлығы бір-бірімен қос қабатты 8 дәлізбен және әртүрлі өтпелі баспалдақтармен жалғасып жатады. Орталық залда үлкен қазан орналасқандықтан ол жер «қазандық» деп аталады. Қазан түркі халықтарының қонақжайлылығы мен бірлігінің символы болғандықтан оның көлеміне аса мән берілген. Диаметрі 2,45, салмағы 2 тонна. 7 металдың қоспасынан жасалған дүние.

### Жаңа сөздер:

Көрнекті жері – достопримечательность  
Кесене – мавзолей  
Қыштан – из керамики  
Дәліз – коридор  
Күмбез – купол

2 тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті жалғауларды қою жалғау түрін анықтау.

Қазақ жеріндегі ежелгі қалалар... бірі – Түркістан қала... Түркістан қала ... – қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан ауданы.. орталығы, Шымкент қаласы. 225 шақырым жерде. Бұл қала... орнында IV- X ғасырлар... Шабғар деген үлкен қала болған. IX – X ғасырлар... бұл қала ерекше гүлденіп,

Йаса (Йасы) деп аталады. XV ғасыр... бастап Түркістан деп аталады. Бұл қала... осы уақыт... дейін жақсы сақталған Ахмет Йасауи кесене... бар.

3 тапсырма. Сөйлемдерді дұрыс құрастырып, синтаксистік талдау жасаңыз.

а) келді, Қожа Ахмет Иасауи, көне, Иасы, XII ғасырда, дүниеге, қаласында.  
б) Қожа Ахмет Иасауиге, кесене, XIV ғасырда, ақсақ Темір, орнатты.

4 тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқу, жаттау, бірінші шумақтағы зат есім сөздерді сөз құрамына талдаңыз.

Түркістан — екі дүние есігі ғой,  
Түркістан — ер түріктің бесігі ғой.  
Тамаша Түркістандай жерде туған  
Түріктің Тәңірі берген несібесі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,  
Тұранда ер түрігім туып-өскен.  
Тұранның тағдыры бар толқымалы,  
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Тұранның тарихы бар отты желдей,  
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.  
Тұранның жері менен суы да жат,  
Теңіздей терен, ауыр ой бергендей.

5 тапсырма. Тарихы туралы ақпараттарды тауып жазыңыздар.

Түркістан қаласының тарихы:

IV-X ғасырда –  
XII ғасырда –  
XV ғасырда –  
XX ғасырда –  
XXI ғасырда –



### 1 - тапсырма. Мәтінді дауыстап оқып шығыңыз және аударыңыз.

Туризм әлемдік экономикада басты рөлдің бірін атқарады. Дүниежүзілік туризм ұйымының (ДТҰ) деректері бойынша ол, әлемдегі жалпы ұлттық өнімнің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 11 пайыздан астамын ұстайды, әлемдік өндірістің әрбір 9-шы жұмыс орнын туризм қамтамасыз етеді. Туризмнен түскен табыс мұнай, өнімдері және автомобиль экспорты табысынан кейін тұрақты 3-ші орында келеді.

Туризм - экономиканың дамуын және әлемдік ынтымақтастықты дамытуға әсер ететін кейбір елдердегі табыстың негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылатын экономиканың өте көп қырлы саласы.

Қамтылатын туристердің саны жөнінен теңіз жағалауындағы курорттар жетекші орын алады. Туристердің айрықша жиі баратын ауданы — Еуропа, Азия және Африканың Жерорта теңізі жағалауы. Мұнда әлемге әйгілі Көгілдір жағалау (Француз және Италия Ривьерасы), Кипр және Мальта аралдары, Испания жағалауы мен Балеар аралдарындағы, Солтүстік Африканың курортты қалалары орналасқан. Сонымен қатар Таиланд пен Мұхит аралдарында, Калифорния мен Флориданың құмды жағалауларында, Бразилия мен Мексиканың теңіз курорттарында демалушылар саны артып келеді. Қазақстандағы бірқатар туристік агенттіктер аталған аудандарда еліміз азаматтарының демалысын ұйымдастыру бағытында жұмыс істеуде.

Қазіргі кезде теңізді айналып жүзу (круиз) халықаралық туризмнің маңызды түріне айналып отыр. Бұл аса жайлы кемелермен саяхаттау және құмды жағалауларда демалу, бірнеше елмен танысу мүмкіншілігінің ұштастырылуымен түсіндіріледі. Туризмнің бұл түрінің дәстүрлі аудандарына Жерорта теңізі, Кариб алабы мен Мұхит аралдары жатады.

Туристердің көп баратын нысандарының бірі — қалалар. Бұл тұрғыда әсіресе тарихи ескерткіштерімен әйгілі ежелгі қалалар айрықша көзге түседі.

Халықаралық туризмнің айрықша түріне қасиетті діни орындарға құлшылық ету жатады. Барлық мұсылмандар үшін Сауд Арабиясындағы Мекке мен Мәдине қалаларына қажыға бару қасиетті борыш деп есептеледі.

**Жаңа сөздер:**

- Арал - остров
- Құрамдас бөліктері - составные части
- Қамтамасыз етеді – обеспечивает
- Бағыт – направление
- Құмды жағалау - песчаный берег
- Жайлы кемелер - комфортные суда
- Жерорта теңізі – Средиземноморья

**Назар аударыңыз!**

**2 - тапсырма.** Мәтін бойынша жоспар құрыңыз, жоспар бойынша мазмұндап, мәтіннен жалқы зат есім сөздерді теріп жазыңыз.

**3 - тапсырма.** Кесте бойынша әр ел бойынша ақпарат жинаңыз.

**Туризмді дамыған он ел**

1		Франция	Еуропа
2		АҚШ	Солтүстік Америка
3		Испания	Еуропа
4		Қытай	Азия
5		Италия	Еуропа
6		Түркия	Еуропа
7		Германия	Еуропа
8		Ұлыбритания	Еуропа
9		Ресей	Еуропа
10		Мексика	Солтүстік Америка

**4 - тапсырма.** Биогеографиялық диктант.

**Қажетті сөздер:** Бірқазан, құс, үстірт, ең тұңғыш, дермене жусаны, Ақсу-Жабағылы, Қорғалжын, Туризм.

\_\_\_\_\_ тұмсығы дорба-тұмсық деп аталады. \_\_\_\_\_ базары-  
Қорғалжын қорығы. Маңғыстау облысында \_\_\_\_\_ қорығы орналасқан.  
Ақсу-Жабағылы қорығы Қазақстандағы \_\_\_\_\_ қорық. Қазақстанның

Қызыл кітабына енгізілген \_\_\_\_\_ шөл зонасының өсімдігі. Екі өзеннің атауынан құрылған қорық атауы \_\_\_\_\_. Суда жүзетін құстарды қорғау мақсатында \_\_\_\_\_ қорығы құрылған. 27 қыркүйек Бүкіләлемдік \_\_\_\_\_ күні.

**5 - тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Халқаралық туризмнің қанша түрі бар?
2. Тау шаңғысы туризміне қандай жерлер жатады?
3. Біздің елімізде тау шаңғысы туризмі дамыған жерлер бар ма?
4. Теңіз жағалауында орналасқан аймақтар?
5. Халықаралық туризмнің маңызды түріне не жатады?

### **№ 16 тақырып. Туристік сапарнамалар**

**1 - тапсырма. Мәтінді дауыстан оқып, ауызына аударыңыз.**

Саяхатшылардың мен есептері соңғы онжылдықта ғалымдар мен зерттеушілердің зерттеу объектісі болып табылады.

Жол жазбаларында сауда жолдары, географиялық орналасуы, этностық ерекшеліктері, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлері, оларды орындау заңдары мен ережелері, ауа райы ерекшеліктері мен табиғи ресурстар, сауда (импорт және экспорт), белгілі бір тарихи дәуірдегі қоғамның саяси, әлеуметтік, мәдени және экономикалық жағдайы туралы мәліметтер жинақталған. Жол жазбаларына әртүрлі елдерге келген саяхатшылар мен шетелдік жазушылардың баянаттары, хабарламалары мен мемуарлары жатады.

XVI-XVII ғасырды "саяхат және жол жазбаларының ғасыры" деп атауға болады, өйткені дәл осы уақытта осы шығармалардың мазмұнында саяси себептер пайда болады. Бұл "ғасырдың" ерекшеліктерін былай түсіндіруге болады:

1. жол жазбаларын саяхатшылар жазды - осы оқиғалардың тікелей куәгерлері;
2. саяхатшылардың негізгі мақсаты елді жан-жақты сипаттау және зерттеу болды;
3. алғаш рет жол жазбаларында көптеген фактілерді сыни зерттеуге ұшыраған Олеарий (1636) сияқты саяхатшылардың сыни ескертулері пайда болады;
4. XVI-XVII ғғ. жол жазбалары еуропалықтарға барлық шындықты көрсетпейтін ертегілік сипаттамаларға толы, XVIIIғ басында осындай түрдегі мемуарлар біртіндеп пайдаланудан шыға бастады .

### **Жаңа сөздер:**

- Сапарнама - путевые записки - travel notes  
Хабарлама - сообщение - information  
Баянаттар - рапорты - report  
Жол жазбалары - путевые заметки - travel notes  
Зерттеу объектісі - объектом изучения – object of research  
Тікелей куәгерлері – прямые свидетели - direct witness  
Жан-жақты сипаттау - всестороннее описание - comprehensive description  
Сыни ескертулері - критические замечания - censorious remarks

**Назар аударыңыз!**

### **2 - тапсырма. Орыс тілінен қазақ тіліне аударыңыз.**

В каждую эпоху побуждающие к путешествиям разные. В средние века причиной к путешествиям были религиозные и торговые намерения. В эпоху Ренессанса основными причинами становятся политические и торговые намерения. В XVI-XVII вв. путешественники путешествовали в разные уголки света с политическими, торговыми, научными и культурными намерениями. В конце XVIII века появляется новое направление в науке как «археология» давшее еще один стимул к путешествиям.

**3 - тапсырма. Түсіндірме сөздікпен жұмыс жасау, ұсынылған сөздерге түсіндірмесін анықтау үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жазу.**

Сапарнамалар, сапар, сапаржай, саяхат, саяхатшы.

**4 - тапсырма. «Сапарға жиналу» ойыны. Ойынның тәртібі: Туристік сапарға шыққан кезде қажетті заттарды жазу және бір-бірінің жауаптарын салыстыру, не үшін қажет екенін дәлел келтіру.**

Киім- кешектер:

Гигиеналық заттар:

Азық- түліктер:

Құжаттар:

Арнайы заттар:

### **5 - тапсырма. Аударма диктант**

- Саяхат-  
Сапар шегу-  
Жер аралау –  
Қызығу -  
Қонақүй - .  
Қонақ кәде -  
Қызмет көрсету-  
Уәкілетті орган-  
Өнім-



Экскурсия жетекшісі-  
экскурсияға қатысушы-,  
Саяхат бағдары-  
Ұшу бағдары-  
Жағдайдың қолайсыздығы-.....,  
Туроператорлық қызметі-


## № 17 тақырып. Туристік жорықтар

**1 - тапсырма.** Оқыңыз. Қарамен берілген сөйлемді дәптерге жазып алыңыз.

Туристік жорықтар көбінесе ауылды жерлермен немесе тұрғылықты халқы сирек аймақтарда белгілі бір мақсатпен жаяу жүріп саяхат шегу. Туристік жорықтың басқалардан айырмашылығы - табиғи кедергілерден міндетті түрде өту сипатына қатысты. Қазақстан Республикасы аумағында туристік жорықтарды және экспедицияларды ұйымдастырудың ережесі мен тәртібі бар.

Туристік жорық дегеніміз – алдын – ала дайындалған жаңа немесе белгілі бір маршрут бойынша сауықтыру, танымдық, спорттық бағытта өткізілетін жұмыс. Туристік жорықтар ұзақтығына қарай бір, екі, үш немесе көпкүндік болып бөлінеді. Туристік жорыққа шықпастан бірнеше күн бұрын жетекші барлық қатысушыларды жорықтың мақсатымен таныстырып, қажетті жеке немесе топтық құрал – жабдықтармен, азық – түлік тізімімен, алып шығатын киімдер түрлерімен таныстырып кетуі керек.

**2 - тапсырма.** Ұсынған сызба бойынша әңгіме жүргізіңіз.



**3 - тапсырма.** Туристік құрал- жабдықтарды түріне қарай тізбектен жазыңыз.



## ТУРИСТИК ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

Туристiк құрал-жабдықтарға туристiк саяхаттарда қажет болатын киiм, аяқ киiм, сактандыру тасымалдау құралдары жатады. Құрал-жабдықтар жеке және топтық құрал-жабдықтарға бөлинедi.

Құрал-жабдықтарға қойылатын талаптар: минималды салмақ пен көлемi, мықтылығы, пайдалануы мен жөндеуi оңай, қауiпсiздiгi, атмосфера әсерiне, тозуына, коррозияға шыдамдылығы, бiр-бiрiне үйлесiмдi болуы қажет.

**Жеке құралдар:** \_\_\_\_\_

**Топтық құралдар:** \_\_\_\_\_

**4 - тапсырма.** Сөздермен болымды, болымсыз түрiне сөйлем құрастырыңыз

Сақтау, жинау, санау, ойнау, ұйықтау, демалу.

**5 - тапсырма.** Қауiпсiздiк ережелердi есiңде болсын!

### ЖОРЫҚ КЕЗiНДЕГi ҚАУiПСiЗДiК ЕРЕЖЕСi.

Қауiпсiздiктi қамтамасыз ететiн шараларға: жорықтарды, жарыстарды ұйымдастыру, даярлау және өткiзу шаралары жатады.

Жолға шыққандағы қауiпсiздiк ережелерi:

1. Маршруттың қатысушылардың қабiлетiне сәйкес болу;
2. Алдын ала жолды, қауiптi жерлердi, су көздерiн, маршруттан кетiп қалу жолдарын бiлiп алу;
3. Дайындыксыз, акклиматизациясыз жолға шықпау;
4. Алдын - ала ауа райы болжамын бiлiп алу;
5. Құрал-жабдықтарды, азықты, туристер денсаулығын мұқият тексеру, сырқаттанғандарды маршрутқа жiбермеу;
6. Беделдi жетекшiсiз жолға шықпау;
7. Таңертең ерте шығу.
8. Аяқты жара мен үсiп қалудан сақтау;
9. Киiм, аяқ киiм бүтiн және құрғақ болу керек

### Жаңа сөздер:

Туристiк жорықтар – туристические походы

Тұрғылықты халқы – местный народ

Табиғи кедергiлер – природные препятствия (барьеры)

Ұзақтығына қарай – в зависимости от продолжительности

Қауiпсiздiк – безопасность

Сырқат – больной

Жара – рана

Үсiп қалу – переохлаждение

Бүтiн – целый

Құрғақ – сухой

**Назар аударыңыз!**

## №18 тақырып. Экскурсия

**1 - тапсырма.** Оқу, аудару. Қарамен белгілеп жазылған сөйлемді дәптерге жазып алыңыз.

Экскурсия (латын тілінен «excursio» – сапар дегенді білдіреді) – ғылыми, білім беру, танымдық, мәдени-ағарту, демалу, т.б. мақсаттарда белгілі бір орындарға ұйымдастырылатын ұжымдық сапар немесе жорық.

Экскурсияның мазмұны зерттеу нысанына (табиғат, музей, өндіріс, тарихи оқиғалар болған орын, т.б.) байланысты.

Тақырыбы бойынша мәдени-тарихи, ғылыми- жаратылыстану, өндірістік, өлкетану, т.б. экскурсиялар болады. Экскурсия оқу жүйесіне байланысты мектептерде жиі қолданылады.

Экскурсия балалардың ой-өрісін кеңейтуге бейімдейтін оқу-бағдарламалық және мектептен тыс экскурсиялар болып бөлінеді. Экскурсия негізіне оның ақпараттық бөлімі, қоршаған ортамен байланысы, ғылыми мәні, адамдардың бір-бірімен байланысы, оның идеялығы сияқты аспектілерді қарастырады.

Экскурсия тарихы жалпы 100 жылдан асқанымен ең дамыған кезі өткен ғасырдың 70-80 жылдары. Экскурсия білім алудың негізгі формасы. Сондықтан экскурсия өткізген уақыты бойынша емес, тақырыбы бойынша жүйеленген. Экскурсияның бірнеше түрлері бар. Олар: тарихи, кәсіптік, табиғи, архитектуралық, әдеби және т.б. Алғашқы экскурсияға себепші болған өткен ғасырлардың қоғамдық өмірі. Сол кезде жиі діни, әулие жерлерге қажылық жасаумен байланысты болды.

### *Жаңа сөздер:*

Ой-өрісі – кругозор

Бейімдейді – адаптирует

Жүйеленген – систематизирован, разделен

Қоршаған орта – окружающая среда

Қоғамдық өмірі – общественная жизнь

*Назар аударыңыз!*




**2 - тапсырма.** Сөйлемдерді оқып, қарамен белгіленген сөздерге антонимдік қатар келтіріңіз.

Шолу экскурсиялар көп тақырыпты қамтиды. Бұндай экскурсиялар көпжоспарлы деп аталады. Оларда тарихи және қазіргі мәліметтер қолданылады. Шолу экскурсияларда оқиғалар ірі жоспармен баяндалады. Ол қала, мемлекет, аудан туралы жалпы түсінік береді.

Тақырыптық экскурсия бір тақырыпқа ғана арналады. Тақырыптық экскурсиялардың бірнеше топтары ажыратылады.

3 - тапсырма. Суреттер бойынша әңгіме жүргізіңіз.

Әңгімеленіңіз



4 - тапсырма. Ұсынған тәртібі бойынша маршрут құрастырыңыз.

Экскурсиялық маршрут \_\_\_\_\_

Экскурсия тақырыбы \_\_\_\_\_

Экскурсия мақсаты \_\_\_\_\_

Ұзақтығы (с.) \_\_\_\_\_

Қатысушылар құрамы \_\_\_\_\_

Экскурсия өткізу формасы \_\_\_\_\_

Экскурсияны өткізу орны \_\_\_\_\_

Қозғалу тәсілі \_\_\_\_\_

Экскурсия мазмұны \_\_\_\_\_

Экскурсия маршруты \_\_\_\_\_

**5 - тапсырма. Мақал- мәтелдерді оқы. біреуін таңдап, эссе жазыңыз.**

1. Өмір қимылды талап етеді.

Аристотель

Біліп жүр!

2. Өмірдің мәні не? Айналана қызмет етіп, көмек көрсету.

Аристотель

3. Адам – керуен, өмір – жол

Сәкен Сейфуллин


**№19 тақырып. Туризм және табиғатты қорғау**

**1 - тапсырма. Оқу, аудару. Қазақстан қорықтары туралы ақпарат жина.**

Табиғатты қорғау - бұл табиғи жер және су ресурстарын ұтымды пайдаланып, сақтауды және ұдайы өсіруді қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік, қоғамдық, әкімшілік-шаруашылық, техникалық-өндірістік, экономикалық және заңды шаралар жүйесі. Қазақстанның табиғи ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану.

Қазақстан Республикасында 2003 жылы ерекше қорғалатын 25 аумақ бар деп есептеледі, олардың қорықтары - 10, табиғи ұлттық саябақтары - 10. Бұл табиғат қорғау мекемелері шамамен 3 млн гектар ауданға орналасқан.

Мына қорықтар әлемге әйгілі: Ақсу-Жабағылы қорығы, Алматы қорығы, Марқакөл қорығы, Наурызым қорығы, Қорғалжын қорығы, Барсакелмес қорығы.



**2 - тапсырма. Тиісті сөздерді қойып жазыңыз.**

*Тиісті сөздер: Зор, табиғи, өсімдіктердің, шөл, қуаң, сортаң, саябақтар, үлкен, тұқымдарын, қалпына келтіруге, туризм, спортпен, тынығыз.*

Қазақстанда ....., ....., және ..... жерлердің орасан .... аумағы бар. Мұнда ..... ресурстар шектеулі, соның салдарынан бұл аумақтарды ұтымды пайдалану республикамыз үшін .... мәселе. Республика ғалымдарының алдына жана ..... қолайсыз факторларға төзімділігі, жануарлар ..... шығару міндеті жүктелуде. Ұлттық да табиғат қорғауда үлкен қызмет атқарады. Саябақтар..... , денсаулықты ....., ....., және ..... шұғылдануға болады.

**3 - тапсырма.** Табиғат туралы мақал-мәтелдерді аяқтап жазыңыз.

1. Адам мен табиғаттың тілдескені - \_\_\_\_\_.
2. Жаз сайға қонба, қыс \_\_\_\_\_.
3. Нөсер алдында \_\_\_\_\_ ойнайды.
4. Жауынмен \_\_\_\_\_, батамен ел көгереді.
5. Жел \_\_\_\_\_ шақырады, бұлт \_\_\_\_\_ шақырады.

**4 - тапсырма.** Туристерге қауіпсіздік ережелерді таныстыру, табиғатқа шыққан кезде қандай қателіктер жіберетінін тізіп жазу.

**5 - тапсырма.** Сұрақтарға жауап беру.

1. Табиғатты қорғау дегеніміз не?
2. Табиғатты қорғау не үшін қажет?
3. Өздерің тұратын жерлеріңде табиғатты қорғауға арналған қандай іс-шаралар жүргізілуде?
4. Өрт неден болуы мүмкін?
5. Өсімдіктер, жануарлар мен құстардың азаюының салдары?

**6 - тапсырма.** Мақал – мәтелдермен жұмыс.

1. Жері байдың елі бай.
2. Ағаш жапырағымен,  
Жер топырағымен сәнді.
3. Жер көнді жақсы көреді,  
Ат жемді жақсы көреді.
4. Құс қонбаған көл жетім,  
Ел қонбаған жер жетім.
5. Нөсер алдында найзағай ойнайды.
6. Адамның табиғатсыз күні жоқ,  
Табиғаттың оны айтар тілі жоқ.
7. Жауынмен жер көгереді,  
Батамен ел көгереді.
8. Таумен тасты су бұзар,  
Ел арасын қу бұзар.
9. Ағаш тамырымен мықты,  
Адам дос - жарымен мықты.
10. Нөсер алдында найзағай ойнайды.

**Жаңа сөздер:**

Қорғау - защищать  
Тіршілік - жизнь  
Қауіп-қатер - опасность  
Қоршаған орта - окружающая среда  
Табиғатты аялау - заботиться о природе  
Ажырамас - неразделимый  
Ластану - загрязниться  
Жаны ашу - жалеть  
Міндетті - обязан  
Мәселе - проблема  
Талап етеді - требует  
Саябақтар - парки

**20 тақырып. Қазақстанда экотуризмнің алатын орны**

**1 - тапсырма.** *Оқу және аудару. Мәтін бойынша жоспар құрастырып, мазмұндаңыз.*

Экологиялық туризм (фр. tourisme, фр. tour — сейілдеу, сапар) — туризмнің жаңа шыққан түрлерінің бірі; сауықтырушылық, танымдық, қарым-қатынастық қажетсінулер ұштастырылатын, халықтың тынығуға қатысты қажетсінулерін неғұрлым толық қанағаттандыруға мүмкіндік беретін туризм саласы.

Халықаралық ұйымдардың анықтамаларында экотуризмнің ең негізгі сипаттамаларының бірі - туристік өнімді әзірлеуде жергілікті тұрғындардың қызметін барынша тарту болып табылады. Қазақстандық экотуристік бағыттарда ауыл тұрғындары көбінесе - қонақ үйлер мен жатын бөлмелерді, үй жағдайында пісірілген ас мәзірлерін беру, табиғи және тарихи көрнекті жерлер бойынша саяхатқа шығару, салт атпен және түйемен серуендеу, моншалардың әр түрі мен Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлерімен таныстыру секілді қызметтерін ұсынып отыр.

Экотуризмге қойылатын бес негізгі критерийлерді ерекшелеуге болады:

1. Экотуризм негізінен табиғатқа бағытталу керек және негізінен керек табиғи ресурстарды пайдалану;
2. Экологиялық тұрақты болу керек, яғни адамның тұрғылықты ортасына зиян келтірмеу немесе зиян келтіру дәрежесін минимизациялау;
3. Экологиялық білім беру мен танымдылыққа бағытталу керек және адам мен табиғат арасында толыққанды қарым-қатынастың құрылуына ықпалын тигізу керек;
4. Жергілікті әлеуметтік-мәдени ортаның сақталуын өз қарамағына алу керек;
5. Өзінің болған аймақтарында экономикалық тиімділігін және олардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету керек.

Экологиялық туризмнің жалпы туризмнен айырмашылығы неде?

Біріншіден, экотуризм – территориясы жақсы сақталған табиғи ортаға сапар шегу. Бұндай территорияларға қорықтар, табиғи ұлттық саябақтар, қорықшалар және басқа қорғалатын территориялар жатады.

Екіншіден, экотуризм – ең экологиялық табиғатты пайдаланушы болып саналады. Экотуристер табиғатты визуалды түрде көреді.

Үшіншіден, экотуризм туристердің жүріс-тұрысын қадағалайды, соның ішінде қатаң тәртіп белгіленеді. Бұл ережелерді сақтау экологиялық туризм даму ұстанымның шарты болып табылады.

Төртіншіден, экотуризм жергілікті тұрғындарының ауқатын жақсартуға мүмкіндік береді, ұлттық-дәстүр мен әдет-ғұрыптың жаңғыруына әсер етеді.

Экотуристердің де жаппай туристерден айырмашылығы бар. Бұқаралық туристер ұйымдасқан және жеке түрде белгілі жерлердің шегінде үнемі саяхаттайды, көп жағдайда өз елінде. Оларға қарағанда, экотуристер адамдар аз өзгерткен табиғи территорияларда сапар шегеді, және олар саяхаттың шектелген жағдайлары мен ыңғайсыз шарттарына шыдамды болады.

**2 - тапсырма. Құрмалас сөйлем құрастыру, түрін ажырату.**

Негізгі сөздер мен тіркестер: аймақ, бес кластер, туристік өнім, Нұр-Сұлтан, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, өзендер, көлдер, туризм, жағажай, саяхат, турист.

**3 - тапсырма. Сұрақтар бойынша диаграмма жасаңыз.**

- Неліктен Қазақстанды туризмді дамытуда бес кластерді қарастырды?
- Қалай ойлайсың туризмді дамытуды қанша түрге бөліп қарастыруға болады?
- Туризмді дамытуда өз демалысыңызды Қазақстанда өткізу үшін қанша қаражат қажет деп ойлайсың?
- Қазақстанда еліміздің қай жерінде экотуризм жақсы дамыған?

**4 - тапсырма. Бір ауылды мекенді кесте бойынша сипаттап жазыңыз.**

ауа-райы	өсімдіктер	құстар	шөптер	өзен, бұлақ	тұрғындары

5 - тапсырма. 2 топқа тапсырма, мәтіннен өз қалпағының түсіне лайықты деректерді табыңыз және толықтырыңыз.

				
фактілер табады	позитив; жақсы жерін табу	эмоция, қуану	шығармашылық, басқаша қалай болуы мүмкін	философия, қорытынды жасайды.

6 - тапсырма. «Егер табиғатқа тіл бітсе...» тақырыбында эссе жазу.

**Жаңа сөздер:**

Қажетсінулер – необходимость

Бағыт – направление

Қанағаттандыру – удовлетворенность

Ерекшелену – выделить

Табиғатқа бағытталу – ориентирована на природу

Ықпалын тигізу – влияет

Жүріс-тұрысы – поведение

Ұстаным – позиция

Ауқаты – благосостояние

Жаңғыру – модернизация

*Назар аударыңыз!*

**№21 тақырып. Өлкетанудың түрлері**

1 - тапсырма. *Дауыстап оқыңыз және аударыңыз. Өздеріңіздің естіген, қатысқан түріне тоқталып әңгімелеңіз.*

Өлкетану – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы. Өлкені зерттеумен айналысатын адамды – «өлкетанушы» деп атаймыз.

Өлкетанудың төмендегідей түрлері бар: Мемлекеттік, қоғамдық, мектеп және тарихи өлкетану.

**Мемлекеттік өлкетану** – арнайы органдардың қатынасымен мұражай жұмысын ұйымдастыруы, әкімшіліктердегі, кітапханалардағы, ғылыми-зерттеу институттарындағы мәдениет пен ғылымға байланысты бөлімдердің жұмыстары.

**Қоғамдық өлкетану** – қоғамдық өлкетанушылардың, туристердің, қоғамдық ұйымдардың жеке адамдардың күшімен ұйымдастырылады. Олар өлке ерекшеліктеріне байланысты, өлке тарихы мен онда өмір сүрген белгілі адамдардың өміріне байланысты деректер жинау т.б. жұмыстармен айналысады



**Мектеп өлкетануы** – мектептердегі оқу бағдарламалары және олардан тыс атқарылатын туған өлкеге қатысты жұмыстар бойынша білімді жетілдіруге, тәрбие беруге байланысты жұмыстар.

**Тарихи өлкетану** – ол белгілі бір ауданның, облыстың, өлкенің тарихын, ондағы болған оқиғаларды, тарихи архитектуралық ескерткіштер мен олардың ерекшеліктерін оқып-танысумен айналысады.

**2 - тапсырма. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңіздер.**

- «Өлкетану» сөзге түсініктеме беріңіз.
- Өлкетанушы кім?
- Өлкетану түрлері?
- Сен өзің қай кезде және қай түріне қатыстың?

**3 тапсырма. Сөздерге синоним қатарын келтіріп әрқайсысын түрлі сөздермен тіркестіріңіз.**

Деректер, белгілі, шұғылдану, табыстар, өнер, жұмыстар, туған өлке.

**4 тапсырма. Шығармашылық тапсырма. «Тарихыңды таны – тұлғаңды құрметте» тақырыбы бойынша өлке шежіресі туралы дерек жинаңыз.**

**5 тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы, негізгі ойын айтып көріңіз, жаттап алыңыз.**

Туған жер

Шықшы тауға, қарашы кең далаңа,  
Мәз боласын ұқсайсың жас балаға.  
Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсен,  
Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?  
Уа, дариға, алтын бесік – туған жер,  
Қадірінді келсем білмей, кеше гөр!  
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей,  
Ақын болмай, тасың болсам мен егер.  
Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің,  
Нендей күйге жүрегімді бөледің?!  
Сенде тудым, сенде өстім мен, сенде өлсем,  
Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім!  
Мен де өзіңдей байтақ едім, кең едім,  
Қызығыңды көріп еркін келемін.  
Сен де аямай бердің маған барыңды,  
Мен де аямай барым саған беремін.

Болдым ғашық, туған дала, мен саған,  
Алыс жүрсем, арманым сен аңсаған.  
Жақын жүрсем, мен төрінде рахаттың,  
Алтын дінгек – өзім туған босағам!

(Қасым Аманжолов)

**6 тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

- Туризмнің қандай түрлерін білесіңдер?
- Қазақстанда туризмнің қай түрлерін дамытуы мүмкін?
- Туризм саласы қай жерлерде жақсы дамыған?
- Осы салада жұмыс жасаудың жақсы жақтары?
- Осы салада жұмыс жасаудың жағымсыз жақтары?
- Туризм саласында кездесетін қиындықтар?
- Өзін туризмнің қай түрін қолға алар едің?



**Жаңа сөздер:**

Өлке – край

Өлкетану – краеведение

Өлкетанушы – краевед

Ұйымдар – организации

Ерекшеліктері – особенности

Білімді жетілдіру – совершенствование знаний

Оқып-танысу – узнавать, изучать, позновать

**Назар аударыңыз!**

## МӘТІНДЕР ЖИНАҒЫ

### Туризм тарихы

Сауда жасау, жерді жаулап алу мен игеру, ресурстар мен жаңа көлік жолдарын іздестіру мақсатында дүниені тану мен жаңа құндылықтарды жасау деген – адамның бүкіл көпғасырлық тарихындағы мызғымас қасиеті. Өркениетіміздің шынымен көзге көрінерлік уақыт аралығы онша ұзақ емес, бес мың жыл мерзімді қамтиды.

Жаңа құрлықтар мен аймақтарды, халықтар мен табиғи құбылыстарды ашқан, географиялық және басқа білімдердің негізін қалыптастырған ұлы саяхатшылардың аттары адамзат тарихында мәңгі сақталып келе жатыр. Ежелгі Рим дәуірінде бай ақсүйектер императордың рұқсатымен демалу мақсатында Мысырға, басқа елдерге сапар жасағандығы тарихтан белгілі.

Америка құрлығының бірнеше мәрте ашылуы мен игерілуін, Исландия мен Гренландия жерінде 900-1100 жылдары қоныстану туралы мәліметтерді атап шықсақ, артық болмайды. Колумб дәуіріне дейін жүрек жұтқан викингтер Гренландияға, одан кейін Америка құрлығына шейін (Ньюфаундленд) жетіп онда колония орнықтырған. Олар тұрған қоныстардың қабырғалары табылған, тіпті, колонистердің есімдері құжат түрінде анықталған. Бұл Исландия тұрғындарынан жинақталған экспедицияны 982 жылы ирландық Эрик Рыжий (Сарыбас Эрик) басқарыпты.

Сауда мақсатында ашылып пайдаланған өте ұзақ сауда жолдарын, олардың ішінде «варягтардан гректерге» («из варяг в греки»), Ұлы Жібек жолын және т.б. атауға болады. Ұлы араб саяхатшысы мен ғалымы ибн Баттута (Абу Абдаллах Мұхаммед ибн Абдуллах әл Лавати ат-Танжи) (1304-1368/69) 21 жасында сапарға аттанып, Шығыс елдерінің барлығын жаяу аралап шыққан (70 мың шақырымнан астам), Солтүстік Африка, Үндістан мен Қытай елдерінде болған. Италиян саудагері Марко Поло (1254-1324) 1271-1295 жылдары Қытайға ғажайып сапар жасаған\*. Онда 17 жыл тұрып, осы ел туралы маңызды мәліметтерін жинақтап, оларды өзінің «Әлем ғажайыптары туралы кітап» деген еңбегінде жариялаған.

Ұлы саяхатшылар, алғашқы ашушылар, ғалымдар мен теңізшілер – Фернан Магеллан (1480-1521), Васко да Гама (1469-1524), үш каравеллада 1492-1493 жылдары Атлант мұхитынан өтіп Америка құрлығын ашқан Христофор Колумб (1451-1506) есімдері бүкіл әлемге әйгілі.

### Менеджер – ұйымдастырушы

Менеджер жан-жақты сауатты болып, ішкі және сыртқы рынокты жақсы білуі керек. Ол үшін рынокқа қандай тауар қажет, көпшілік сұранымына сәйкес қандай өнімдер керек, қай жерде қандай тауарлар өтімді, тауарлар мен өнімді сатып алушы клиенттердің мүмкіндігі мен қаржы жағдайы қандай деген мәселелерді анықтап отырады. Менеджер деген сөздің өзі бізге ағылшын тілінен келген: бір нәрсені реттеу, бір нәрсені меңгеру, басшылық ету деген сөз.

Мәселен, тек ғылыми ізденістермен шұғылданатын зерттеуші менеджер емес. Алайда, егер ол зерттеуді ұйымдастыруға қатысатын болса, онда ол әрине, менеджер. Ауруды тек емдеп қана қоймай, клиниканы меңгеретін дәрігер жөнінде де осыны айтуға болады.

Менеджер-ең көп тараған кәсіптің бірі. Бұл-басқарумен, экономикамен шұғылданатын, заң және басқа да мәселелерді жақсы білетін кез келген адам. Шаруашылықтың түйінді орнында жұмыс істейтін кез келген адам да менеджер. Барлық менеджерлер үшін, олардың қызмет орнына қарамастан, ортақ қызмет міндеті болады.

Біріншіден, менеджер іскер кәсіпорынның мақсатын орындайды, сол мақсатын орындау үшін не істеу керектігін ойластырады, адамдарға нақты міндеттер жүктей отырып, оны жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Екіншіден, менеджер ұйымдастырушы. Ол жұмыстарды жүйелеп, бөледі, қажетті ұйымдық құрылымды құрады, басшы жұмыскерлердің тиісті құрамын іріктейді т.б.

Үшіншіден, менеджер көтермелеу шараларын қамтамасыз етіп, адамдармен тығыз байланыс орнатады. Ол ұжымды (коллективті) өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын адамдармен құрады: бұл үшін қолда бар барлық мүмкіндікті-сыйлық беру, наградтау, жоғары қызметке тағайындау шараларын пайдаланады. Менеджер ұжымдағы барлық адамдармен тіл табысып, тұрақты байланыс орнатады.

Төртіншіден, менеджер ұйымның іс-әрекетін талдайды, нормалауды белгілейді, кәсіпорында жұмыс істейтін барлық адамдардың жұмысын бағалайды.

Бесіншіден, менеджер адамдардың қызмет жағынан кемелденіп, жоғарылауын қамтамасыз етеді. Адамдардың мамандығының жетілдірілуі де, қызмет жағынан жоғарылап, не төмендеуі де, ұжым бірлігінің нығаюы, не берекесізденуі де менеджер жұмысына байланысты.

### Уақыт алтыннан да қымбат

Уақыт – адам өмірінің ақшалай құны. Уақыт – әркімнің нақтылы өмірлік капиталы. Адамның босқа кеткен әрбір сәті отқа жаққан теңгемен тең. Адамның ақшалай уақыты адамның өзіне байланысты. Біреудің бір сағаты мың теңге болса, енді біреулердікі бір тиын.

Кісінің кісілігі уақытты босқа өлтірмеуден басталмақ. Даналық жасқа байланысты емес. Елдің бәріне ортақ бір-ақ күнтізбе бар, тек оны әркім әр түрлі пайдаланады.

Уақыт – ақсүйектікті мойындамайды. Ханға да, қараға да берілетін мерзім – тәулігіне жиырма төрт сағат. Дүниеде уақыт белгілегеннен артық демократия жоқ. Мұндағы ақсүйектік уақытты пайдалануға байланысты, кім уақытын бағалай білсе, сол ғана тектілердің қатарына қосылмақ.

Адам уақытты сезінгенде ғана өзін-өзі қадағалап отырады. Өзіне-өзі бағыт белгілейді. Дүниедегі ең жаман дерт-еріншектікті жеңеді. Өзін нағыз адам етіп тәрбиелеп шығады. Бүгінде іскерлер әлемін басқаратын ұлы мәртебелі уақыт.

Адамның әрбір күні, әрбір сағаты мақсатсыз өтпеуі керек. Өмірдегі әрбір уақытың, өз бойыңдағы қайрат-жігерің, ақыл-ойың өмірге, әзі өмір сүріп отырған қоғамға жұмсап, қалтықсыз еңбек етуге, сөйтіп өзі үшін де өзгелер үшін де игіліктер жасауға жұмсауы керек. Уақыт бізбен санаспайды, тез өтіп кетеді. Сондықтан өмірдің әрбір сәтін бір күндік қызықтармен ғана қор қылмай, өмірдің ізсіз, мазмұнсыз болмауын қадағалау керек. Қазіргі жастық шақ – адамның өмірінің қайратты да, мүмкіндігі мол тамаша шағы. Оны жылдың көктем мезгілімен салыстыруға болады. «Көктемнің бір күні - жылға азық», - дейді халық. Ендеше жастықтың бір күні - сенің бүкіл өміріңе азық деуге болады. Уақыт бар ғой деп бүгінгі ісінді ертеңге қалдырма. Өмірдің ұзақ екені рас, бірақ ол біреу ғана. Зымырай шапқан асаудың мойнындағы арқандай шұбатылып, ол тез өтіп кетпек, оны өз тұсыңнан өте бергенде бас салмасаң, өтіп кеткеннен кейін қусаң да жете алмайсың. Уақыт зымырап өтіп жатыр. Ол ешқашан тоқтап тұрмақ емес. Бір данышпанның мынандай бір қанатты сөзі бар: «Кешегі күн өтіп кетті. Ертеңгі күн белгісіз. Сондықтан бүгінгі күннің құны мен қадірін біл». Расында да, біз өтіп жатқан уақыттың құнын біле бермейміз. Көбінесе, уақыт өтіп кеткеннен кейін ғана «ah» ұрамыз. Демек, уақыт - адам баласына берілген өткінші бағалы зат. Уақыт қайта айналып келмейді. Халқымыз уақытты дүниедегі ең қымбат нәрсе болғандықтан да алтынға балайды. Алтының әзірше өзінде. Оған басқалар көз салмасын десең, дұрыстап сақта. Уақытты көбінесе жаман әдеттер мен қылықтар құртады. Мысалы, жаман әдетке құмар адам уақытын тек осы жолға арнайды. Мақсатсыз қыдырымпаз адам уақытты тек бос сенделумен өткізеді. Құмар ойнағыш уақытын ойынмен толтырады. Ал өзің алтын уақытыңды қалай өткізудесің? Барлық нәрсе уақытты тиімді пайдалана білуге байланысты. Әр нәрсенің өз уақыты бар. Уақытты меңгере алмаған адам жетістікке жете алмайды. Уақыттың қадірін білу керек. Әрбір жылдың, айдың, аптаның, бір күннің, бір сағаттың, бір минуттың, бір секундтың өзіндік құны бар. Осыны түсіне біліңдер!

### Бесаспап данышпан

Менеджер алдында тұрған барлық проблемаларды біле бермейді, сондықтанда ол «бесаспап данышпан» болуы да мүмкін емес. Оның арнайы еңбек құралы, атап айтқанда ақпараты (информациясы) болады. Менеджер адамдарды жұмысқа ынталандырады, бағыттайды, ұйымдастырады. Оның бірден-бір құралы-жазбаша немесе ауызша сөзі; немесе цифр тілі. Менеджердің жұмысы техникаға, есептеу операцияларына немесе өнім сатуға қатысты болғанына қарамастан, оның жұмысының тиімділігі тыңдау және оқу, айту және жазу қабілеттеріне байланысты. Ол өз ойын басқа біреулердің санасына жеткізе білуі, сондай-ақ басқа адамдардың да пікірін айқындай алуы тиіс.

Менеджерлік шеберліктің маңызды жақтарының бірі-келіссөз жүргізе білуі-әріптесінің мүддесін өз мүддесіне сәйкестендіре білетін өнері болуы тиіс. Мұның өзі әсіресе қарамағындағы адамдарға әкімшілік билік жүргізе алмайтын басшылар үшін де, сондай-ақ сырттан шикізат жеткізушілермен қарым-қатынас орнату үшін де аса қажетті жағдай. Келесі онжылдықтарда нағыз компаниялар көп жағдайда маклерлік фирмаға ұқсайтын болады.

### Туризм жөніндегі менеджер

Кәсіптің сипаттамасы: Туризм жөніндегі менеджердің қызметіне туристік агенттіктермен, нарық маркетингімен байланыс жасау, авиабилеттер сатып алу үшін авиакомпаниялармен өзара байланыста болу, қабылдаушы жақтың сақтандырушы агентімен байланыста болу кіреді.

Кәсіптің ерекшелігі: Туризм жөніндегі менеджер компанияға бір немесе бірнеше елдерді тартады, білімін жақсарту мақсатында осы елдерге оқыту турларына оқтын-оқтын шығып тұрады. Кәсіптің негізгі кемшілігі – әртүрлі келеңсіздікті және форс-мажорлық жағдайларды шешу қажеттігі. Туризм бойынша менеджер барлық наразылықтарды тындауға және туындаған жағдайды шұғыл шешуге дайын болуы керек.

Талап етілетін қасиеттер: Аталған кәсіптегі адам үшін ақыл-ой, парасатының мол болуы, ойлау орамдылығы, тұжырымдалауға қабілеттілік сияқты қасиетінің болуы керек. Ол шығармашылық тұлға, ұйымдастырушы, бастамашы, жаңашыл және басшы бола білуі керек. Сонымен бірге туризм жөніндегі менеджерге тіл тапқыштық, биязылық, ерекше дарындылық және дипломат бола білу маңызды.

Міндеттері: Туризм жөніндегі менеджер клиентке демалысты өткізу варианттарын ұсынады. Демалыс орнын таңдауды ұсынады, жергілікті жердің жолсілтемсін, схемасын, картасын, жоспарын ұсынады. Келіктік кәсіпорындармен, қонақүйлермен және туристік агенттіктермен келісімге отыруды ұйымдастырады. Демалыс үшін таңдалған орынды жарнамалайды. Келген елде немесе аймақта қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы ұсынымдар береді. Қажетті туристік құжаттарды рәсімдеумен айналысады.

### Өз ісінің шебері болыңыз!

Барбара супермаркет қызметкерлерімен әңгімелесіп, қызметкерлердің жұмыстарына деген ынтасын арттыруымен міндетті психолог. Бір күні офисіне Джонни есімді кісі звондайды. Дүкендердің бірінде кассада сатып алушылардың заттарын пакеттеумен жауапты кісі екен. Оның үстіне Down синдромының бар екенің айта келіп:

– Барбара, айтқандарың маған қатты ұнады – деді.

Барбараның әңгімесінің ертесіне Джонни әкесінен компьютер алуын сұрап, компьютер қолдануды үйренуді қалайды. Үйге барып күнде “күннің көркем сөзі”н жазып қоятын болды. Осындай сөздерді таппаған кезде де оларды ойдан

шығаратын. Сөздердің бәрін компьютерге жазып, бірнеше копия жасап принтерден шығарады да, әрбірін кесіп, артына да өз есімін жазады. Ертеңіне сатып алушылардың заттарын пакетке салғанда жанағы бір бір сөзден де қосып салатын болды. Осылайша жасаған ісің қызықты әрі ерекше етіп жасайтын болды. Бір апта болмай Барбараға сол супермаркеттің директоры телефон соғады:

– Барбара, бүгін не болғаның айтсам – сенбейсің! Магазин аралап шықсам, Джоннинің кассасына тұрған адамдар кезегі басқа кассалардікінен 3 есе ұзын екенің көрдім. Мен дереу қосымша кассалардың ашылуын талап етіп ұрыса бастаған едім, сатып алушылар “жоқ, біздің Джонни кассасында тұрғымыз келеді. Күннің көркем сөзін алғымыз келеді” деп жауап береді. Кейін сатып алушы бір әйел қасыма келіп “Бұрындары супермаркетке аптада бір рет қана кіретін едім. Қазір болса, жолым түскен сайын кіріп жүрмін. Джоннидің “күннің сөздерінен” алғым келгендігінен”.

Үш ай өтіп магазин директоры Барбараға қайта телефон соғады:

– Джонни екеуің супермаркетімізге үлкен өзгерістер әкелдіңіздер. Енді гүл сататын сатушымыз сынып қалған гүлдерді лақтыра салмай, оларды әдемілеп жаңартып гүл алуға келген жасы үлкен әйел мен жас қыздардың көйлегіне қадайтын болды. Ет сататын жақта сатушы ат, қой суреттерін принтерден шығарып ет пакеттерінің сыртына жабыстырып сататын болды. Осының арқасында сатып алушылардың да, сатушылардың да көңілдері көтеріңкі болып жүр.

### Туристтік нысандар.

Табиғи-рекреациялық нысандарға Солтүстік Қазақстан аймағындағы Көкшетау, Бурабай, Баянауыл, Ерейментау, Шығыс Қазақстан аумағындағы Зайсан, Марқакөл, қазақстандық Алтай, Оңтүстік Қазақстан жеріндегі Батыс, Солтүстік Тянь-Шань, Алтынемел таулары, Жетісу алабы, Батыс Қазақстандағы Үстірт, Мұғалжар, Каспий ойысы, Жайық өңірі, Орталық Қазақстандағы Қарқаралы, Қызыларай, Бектауата, Ұлытау, т.б. табиғи нысандар жатады. Сонымен бірге Алматы облысындағы ұлттық саябақтар мен қорықтардың туризмді дамытуда маңызы зор. Оларға Іле-Алатауы ұлттық саябағы, Түрген-Шамалған өзендері аралығындағы шатқалдар, Түрген, Есік, Талғар, Алматы, Қаскелең, Шамалған елді мекендері жатады. Алтынемел, Көкшетау, Бурабай ұлттық саябақтарында туризмді дамыту мемлекет тарапынан қолдау тауып, дамып келеді.

Тарихи-археологиялық ескерткіштердің туристік-экскурсиялық сапарлардағы орны ерекше. Археологиялық ескерткіштердің кез-келген нысандары туристік-экскурсия жұмыстарында маңызды орын алады. Соның ішінде Жетісудағы Сақ қорғандары, Талхиз қалашығы, Оңтүстік Қазақстандағы Отырар, Сайрам, Батыс Қазақстандағы Сарайшық, т.б. көне қалалардың орнына туристердің қызығушылығы мол. Археологиялық-тарихи ескерткіштердің қазірге дейін жеткен нысандарының ішінде қорғандар мен мазарлардың маңызы зор. Біздің дәуірімізге дейінгі 6 – 3 ғасырлардан қалған сақ қорғандары,

Бесшатыр қорымындағы жерлеу камерасы және сақ әскері киімін киген “Алтын адам”, 2001 – 2002 жылдары Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданының Бергіел (Берел) қорғанында табылған “Сақ патшайымы” археол туристік нысандарға жатады. Ортағасырлық Түркістан, Отырар, Тұрбай, Құлан, Мерке, Талхиз, Жаркент қалалары, т.б. елді мекендер қазіргі туристік нысандар болып табылады.

Тәуеп ету (діни) туризм нысандары республика аумағында көптеп кездеседі. Оларға түркі әлеміндегі қасиетті Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Иасауи кесенесі, Абаб-Араб мешіті, Гауһар-ана зираты, Әли-Қожа бейіті, т.б. жатады. Адамдар бұл қасиетті жерлерге тәуеп етіп, Аллаға сиыну үшін келеді. Одан басқа Қоғам а. маңында (Отырар ауданы) Арыстан баб кесенесі, Ибраһим-ата бейіті, Қарашаш ана кесенесі, Тұраба ауданында – Ысмайыл-ата мазары орналасқан. Жамбыл облысында – Айша бибі кесенесі мен Қарахан кесенесі, Қызылорда облысында – Артық, Айтман кесенелері, Балқаш көлі маңында – Тектау ата, Әуез бақсы, т.б. киелі орындар бар.

### Туризм саласы.

Туризм – экономика салаларының ішіндегі қарқынды дамып келе жатқан, ірі қызмет көрсету салаларының бірі. Оның дамуының жоғары қарқындары жеке туристік индустрияның қалыптасуына септігін тигізетін түрлі экономика секторларына белсенді ықпалын тигізеді.

Қонақжайлық индустриясы адамдар қызметінің түрлі кәсіпқой аяларын біріктіреді, атап айтқанда: туризм, қонақ үй және мейрамхана бизнесі, көпшілік тамақтануы, демалыс пен ойын-сауық, конференция, семинар мен түрлі көрмелерді ұйымдастыру, спорттық, мұражайлық-көрмелік, экскурсиялық қызмет, сонымен қатар қонақжайлық саласына қатысты кәсіпқой білім беру аясы.

Қонақжайлық индустриясы – күш-жігері қонақтардың, олардың ішінде туристер де, жергілікті тұрғындар да бар, түрлі қажеттіліктерін орындауға бағытталған адамдардың кәсіби қызметінің күрделі, құрама аясы.

Туризм дегеніміз адамдардың әртүрлі туристік бағыттары бойынша қозғалу процесі және оның нәтижесі.

Турист дегеніміз бірінші рет мемлекетте уақытша тоқтаған және онда 24 сағаттан кем емес уақыт өткізетін тұлға. Оның ол жерде көңіл көтеруі, кәсіби шеберлілігін шыңдау, денсаулығын жақсарту, оқу, конференцияларға қатысу, достары және туыскандарымен кездесу сияқты міндеттері болуы мүмкін.

Туристер дегеніміз өзінің тұрғылықты елі (жері) болып табылмайтын елге барып, ақы төленетін қызметтен басқа мақсаттарды жүзеге асыратын тұлғалар. Туризм 1954 ж. Біріккен Ұлттар Ұйымы анықтамасы бойынша – тұрақты өмір сүретін жерден тыс, адамның денсаулығын жақсартуға ықпалын тигізетін активті демалыс . 1981 ж. Мадридте өткен туризм бойынша әлемдік конференцияда келесі анықтамалар берілген: Туризм- басқа аймақтарды, елдерді тану мақсатымен байланысты активті демалыс .



1993 ж. БҰҰ кеңірек мағыналы анықтама қабылдады: «Туризм- бұл қалыпты ортадан тыс демалыс, іскерлік және басқа да мақсаттармен саяхат жасайтын адамдар қызметі. Қазақстан заңында туризм деп- басқа мемлекеттермен , олардың мәдениетімен, әдет- ғұрпымен танысу мақсатымен өткізген адамның активті демалыс жүйесі мен нысаны және осыған байланысты тұрғылықты жерінен тыс жылжулары , - көрсетілген.

## Қымыз

Қазіргі кезде сусындардың пайдасынан зияны көп, краска, бөтелкелері, химиялық қоспалары. Қазақ тағамтану академиясының төрағасы Төрегелді Шарманов бұл сусындарды мүлде ішуге болмайды дейді екен.

Пайдасы: Сусын тәтті, сусағанды басады. Зияны: денсаулыққа кері әсерін тигізеді.

Қымыз ішудің алдында, биені сауы керек, қымызды дұрыс дайындау керек. Қымыз әрбір дүкенде сатыла бермейді, ал газдалған сусындар түгел дүкенде сатылады. Коламен Американың солтүстік штаттарында жол полициясы авариядан кейінгі асфальттағы қанды жуып кетіру үшін қолданады екен.

Егер денсаулығыңызда осы сусындарға қарсы науқастар(қант диабеті сияқты) болмаса онда аншалықты зияны бар деп ойламаймын. Себебі бұл брендтерді бүкіл дүние жүзі пайдалынады, ал неден, қалай жасайтыны өте құпия. Сондықтан ол туралы әңгімелер шындықтан гөрі, өтірікке көбірек ұқсайды. Алайда бұл сусындардың ағзаға алып бара жатқан пайдалары да бола қоймас деп ойлаймын. Негізі қымыз, шұбат сияқты дәстүрлі сусындарымыздың ешқандай химиялық қоспасыз, табиғи екеніне ешкім де дау айта алмас. Сондықтан да олардан пайдалы сусындар бар дегенге сенбеймін.

Бұл сусындардың қайда қалай дайындалатыны туралы естігенбісің? Кока коланы құрт-құмырсқадан дайындайды. Оның денсаулыққа зиянды тұстары көп адамның бауыр, өт, асқазанға, миға зиян! пепси де дал солай! бұл сусындарды өндірушілердің өзі құрт-құмырсқадан дайындалатынын мойындады!

## Салауатты өмір салты

Салауатты өмір салты – бұл ең әуелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет. Адамның өмір салты өздігінен қалыптаспайды, ал салауатты өмір салты өмір сүру барысында мақсатты түрде қалыптасады. Қазіргі мәліметтер бойынша денсаулық 53-55%- ға салауатты өмір салтына тәуелді болады екен. Бұдан салауатты өмір салтын ұстанудың қаншалықты маңызды екендігі айқын.

Денсаулық сақтау шаралары:

1. Қимыл белсенділігі.
2. Организмді шынықтыру.
3. Дұрыс толыққанды тамақтану.
4. Жарықаттың алдын алу.

5. Жұқпалы аурулардың алдын алу.
6. Зиянды әдеттерден алшақ болу.
7. Күйзеліс (стресс) пен кикілжінді болдырмау.

Салауатты өмір салтына дене шынықтыру, спорт, дене тәрбиесі, туризм, халықаралық туризм, табиғатқа серуен, таза ауада жүру жатады. Кешкі тамақтан соң, таза ауада бір-екі сағат серуен құрып, ұйықтаудың пайдасы зор. Ұйқы 7-8 сағаттан кем болмауы тиіс. Әр адам жыл сайын бір рет еңбек демалысын тиімді пайдаланғаны жөн. Барлық кезде тамақты жаңадан дайындап ішкен дұрыс. Алланың табиғатты адам үшін жаратқанын және парыз еткенін, тіршілігінде қажетіне дұрыс пайдалануды, денсаулығына зиян келмейтіндей жағдайда болуын қадағалауды салауатты өмір салты деп ұғамыз.

### Саяхат дегеніміз не?

Адамдардың көбі «саяхат» және «демалыс» деген сөздерді бір деп ұғады. Шатастырмаңыздар, «демалыс» - үйде, жылы төсекте жатуды айтамыз. Түркияға немесе сондай туристік инфроқұрылымы дамыған елдерге барып келу де демалыс бола алады.

Ал саяхат – демалыс емес. Сіз онда ауыр жүкпен тауға да шығасыз, ұзақ жол да жүресіз, тропикалық ормандарда терлеп-тепшіп, тундраларда тонасыз – бұл демалыс па? Сонымен қатар, кейбір саяхаттар өте қиын болуы да мүмкін. Мұндай саяхат адамды қажытып, шаршатып, жүйкесін жұқартады. Туристер мен саяхаттаушылар бірдей емес. Саяхаттаушылар жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас құрып, олармен бірге тұрмыс кешеді, ал туристер оларға сырт көзбен ғана қарап өтеді. Басқаша айтсақ, жергілікті адамдар саяхаттаушылармен бір нанды үзіп жейтін болса, ал туристердің ақшасын қағып алады. Тағы бір ерекшелігі, саяхаттаушылар тарихи жерлер туралы, халықтың эмоциясы туралы, салты мен ділі жайлы ақпаратқа қанықса, туристер оларды тек мұражайлардан, арнайы көрмелерден, елдің тек марапаттарын тізбелейтін гидтердің аузынан естіп-көреді. Сондықтан да саяхаттаушы мен туристі ажыратқанымыз дұрыс және сіз өзіңіздің қандай жолды таңдайтыныңызды шешіп алғаныңыз абзал.

Үлкен саяхатқа шығатын болсаңыз жолсерік болатын адам табу қиын. Ал егер тауып алған болсаңыз онымен бірге қай жерлермен, қашан, қалай жүретініңізді ақылдасуыңызға тура келеді. Нәтижесінде сіздің ойыңыздағы елдерге емес, жолсерігіңіз армандаған аймақтарға кетіп қаласыз. Ұжыммен саяхаттауға шықсаңыз да солай, адам саны көп болған сайын проблема да көбейе түседі. Сондықтан да саяхаттаушылар көбінде жалғыз жүргенді қалайды. Мұның еш жамандығы жоқ. Қауіп те сіз ойлағандай емес. Сіз саяхат барысында жалғыз болмайсыз, барған елді мекендеріңіздегі адамдармен араласып, тіпті жаңа таныстықтарға жол ашасыз. Және жалғыз жүру сізге қайталанбас рухани тәжірибе береді. Саяхат барысында сіз өзіңізді тануыңыз да мүмкін, мәселелерді жеке шешіп, өзіңізге деген сенімділікті арттыруға мүмкіндік туады.

## Өмір

Өмір адамға табиғатпен берілген ең қымбат дүние. Адамның мәнді де мағыналы ұзақ өмір сүруінің негізі – оның денсаулығы. Қазіргі таңда бүкіл әлемді толғандырып отырған мәселелердің бірі – адамның денсаулығы. Денсаулық – адамның ең қасиетті де құнды, жоғалтуға болмайтын, жоғалса қайта орнына келуі қиын асыл қазынасы. Жас жеткіншек талшыбық секілді иілгіш, жел қайда соқса солай қарай бейімделеді, жаман әдеттерге оп оңай бой алдыра салуы да әбден мүмкін. Сондықтан да жасөспірімдерді осындай жаман әдеттерден сақтандыру үшін бүгінгі сайысымыздың маңызы зор деп ойлаймын.

Дене шынықтырумен айналысу спортпен шұғылдану адам денсаулығына өте қажет. Адам жас ерекшелігіне қарамай спорттың барлық түрімен айналысуға болады. Біздің Қазақстан тәуелсіздігімізді алғалы спорт өнерінен басқа елдермен тең дәрежеде келе жатырмыз. Еліміздің барлық жерін алсақ та арнайы спорт мектебі, спорттық орталықтар бар. арнайы орындарда спорттың барлық түрімен айналысудың арқасында көптеген адамдар жүлделі орындарға иеленіп алтын, күміс, қола медальдар алып қайтты.

### *Естеңізде сақтаңыздар!*

1. Уақытты саналы сезініп, өмір сүріңіз (живите ценя время).
2. Маңызды жұмыстар үшін уақыт табыңыз (находите время для важных дел).
3. Еңбек ету үшін уақыт табыңыз, бұл табыс кепілі (находите время для труда – это гарант доходов).
4. Ойлану үшін уақыт табыңыз, бұл - күш-жігер бастауы (находите время для раздумий – это предопределение силы-воли).
5. Ойын үшін уақыт табыңыз, бұл - жастық құпиясы (находите время для развлечений – это секрет молодости).
6. Оқу үшін уақыт табыңыз, бұл - білім негізі (находите время для учебы – это основа знаний).
7. Достық үшін уақыт табыңыз, бұл - бақыттың шарты (находите время для дружбы – это условие счастья).
8. Армандау үшін уақыт табыңыз, бұл - жұлдыздарға апарар жол (находите время для мечты – это дорога к звездам).
9. Махаббат үшін уақыт табыңыз, бұл - өмірдің шынайы қуанышы (находите время для любви – это истинная радость жизни).
10. Көңіл көтеру үшін уақыт табыңыз, бұл - жанның өуені (находите время для поднятия настроения – это мелодия души).

## ГЛОССАРИЙ

<i>Қазақша</i>	<i>Орысша</i>
<p><b>Гид</b> (Франц. "guide" деген сөзі),                      1) туристерге қаланың немесе жердің көрікті жерлерін көрсететін жолсерік.                      2) саяхатты бастаушы - аудармашы шетелдік және отандық туристерге сауда-саттық негізінде түрлі саяхаттарды ұйымдастырып, оның есеп мәселелерін шешуге бағытталған жұмыстардың бағдарламасын жасайды;                      2) мұрағат және әртүрлі көрмелерге арналған анықтамалықтарды дайындайды.</p>	<p><b>Гид</b> — (фр. guide). 1) проводник, показывающий туристам достопримечательности города или местности.                      2) инициатор путешествий - переводчик который организывает путешествий иностранным и отечественным туристам на торговой основе направленная для решения вопросов учета, разрабатывает работу программ;                      3) готовит справочники для архивных и разнообразных выставок.</p>
<p>1. <b>Туризм</b> (франц. tourisme, tour – серуендеу, жол жүру) – адамның бос уақытында негізінен айтқанда жұмыстық, не мәлім міндеттік мәжбүрлеумен емес, туысшылаумен емес, өз еркінше көңіл көтеру мен демалу үшін, тәуекел жасау үшін, көріп қызықтау үшін, яғни субъективті рухани қажеттілік бойынша басқа бір жерге ерікті саяхаттап, серуендеп баруы. Жақын жердегі қысқа мезетті орындалатыны - серуен делінсе, алыс жерге аттанған ұзақ мерзімдісі - саяхат делінеді.</p>	<p>1. <b>Туризм</b> - (французское tourisme, от tour - прогулка, поездка - путешествие (поездка, поход) в свободное время, один из видов активного отдыха. Т. - наиболее эффективное средство удовлетворения рекреационных потребностей, так как он сочетает различные виды рекреационной деятельности - оздоровление, познание, восстановление производительных сил человека и др. Т. - составная часть здравоохранения, физической культуры, средство духовного, культурного и социального развития личности</p>
<p>2. <b>Тур</b> — белгіленген мерзімдер шеңберінде белгілі бір маршрут бойынша жасалатын саяхатты камтитын туристік қызмет көрсетулер кешені.</p>	<p>2. <b>Тур</b> – организованная поездка в одну или несколько стран с возвращением в исходный пункт назначения.</p>
<p>3. <b>Турист</b> — (фр. touriste, от tour саяхатшы) өздігінен білімін көтеру мақсатында саяхаттайтын тұлға.</p>	<p>3. <b>Турист</b> — (фр. touriste, от tour путешествие). Человек, путешествующий для собственного удовольствия или с целью самообразования.</p>

<p>4. <b>Туристік ваучер</b> - ақы төленгенін куәландыратын немесе визаны алмастыратын растама құжат.</p>	<p>4. <b>Туристический (или туристский) ваучер</b> представляет собой документ, заменяющий визу при посещении стран.</p>
<p>5. <b>Туристік ресурстар</b> — туристік көрсету нысандарын қамтитын табиғи- климаттық, тарихи, әлеуметтік- мәдени, сауықтыру нысандары, сондай-ақ туристердің рухани қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын, олардың дене күшін қалпына келтіріп, дамытуға жәрдемдесетін өзге де нысандар.</p>	<p>5. <b>Туристические ресурсы</b> — природные, исторические, социально культурные объекты, включающие объекты туристского показа, а так же иные объекты, способные удовлетворить духовные потребности туристов, содействовать восстановлению и развитию их физических сил.</p>
<p>6. <b>Туристік өнім</b> - туриске берілетін іске асыруға арналған тур құжығы, саяхат жасау кезінде қажеттіліктерін қанағаттандыратын жергілікті қызмет көрсету жиынтығы.</p>	<p>6. <b>Туристский продукт</b> — комплекс услуг, работ, товаров, необходимых для удовлетворения потребностей туриста в период его туристского путешествия.</p>
<p>7. <b>Экскурсия</b> - (лат. excursio сапар) көрмені, мұражайды, көрікті жерлерді ұжым болып тамашалау, аралау, танымдық, ғылыми, спорттық немесе көңіл көтеру, қызықтау мақсатымен жасалған сапар немесе серуен.</p>	<p>7. <b>Экскурсия</b> — (от лат. excursio поездка) коллективное посещение достопримечательных мест, музеев и пр. с учебными или культурно просветительскими целями; часто сочетается с туризмом.</p>
<p>8. <b>Экскурсант</b> - экскурсияға қатысушы адам.</p>	<p>8. <b>Экскурсант</b> - участник экскурсии.</p>
<p>9. <b>Туристік маршруттың технологиялық картасы</b> - транспорттық маршруттың негізгі құжаты.</p>	<p>9. <b>Технологическая карта тур. маршрута</b> – основной документ транспортного маршрута.</p>
<p>10. <b>Туристік маршрут</b> - туристің танымдық, спорттық өзге де мақсаттармен тарихи, табиғи ескерткіштерді көру үшін бағытталған жүру жолы.</p>	<p>10. <b>Туристический маршрут</b> – путь перемещения туристов, определяющий последовательное посещение с познавательной, спортивной целью исторических и природных памятников, а также других мест.</p>
<p>11. <b>Туристік сала</b> – негізгі қызмет саласы туристік қызмет көрсету, туристік өнім жасау, оларды ішкі және халықаралық нарықтарда</p>	<p>11. <b>Туристическая сфера</b> – основная сфера экономики предоставляет туристические услуги которые обеспечивают потребления</p>

ұсыну мен өткізу болып табылатын экономика саласы.	туристского продукта на международном, внутреннем рынке.
<i>12. Туристтік нарық</i> – туризм саласында сатып-алу қызметі көрсетілетін орын (туристік қызмет саласындағы тауарлар).	<i>12. Туристический рынок</i> – это место, где происходят сделки купли-продажи услуг туризма (туров, туристского продукта).
<i>13. Уәкілетті орган</i> – туристік қызмет саласындағы мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.	<i>13. Исполняющий орган</i> – центральный исполнительный орган который решает гос. функции управления в сфере туризма

## ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

### Тест сұрақтары

#### 1. Мамандығына қатысты кәсіптік сөздерді табыңыз

- A) жобалау, кесте
- B) гид, экскурсант
- C) автожуу, салон
- D) бармен, администратор
- E) үй, бояушы

#### 2. «Сұлу» сөзінің синонимін табыңыз

- A) сыпайы.
- B) әдепті
- C) әдемі.
- D) мықты
- E) салмақты.

#### 3. Дүниежүзілік туристер күні

- A) 27 қыркүйек
- B) 15 қазан
- C) 20 тамыз
- D) 15 желтоқсан
- E) 10 шілде

#### 4. Мамандығына қатысты кәсіптік сөздерді табыңыз

- A) бағдарлама, жүелік блок
- B) валюта, аударма
- C) Бурабай, тау
- D) құрылыс, бетон
- E) туризм нұсқаушысы, туристік сапа

#### 5. Мамандығына қатысты кәсіптік сөздерді табыңыз

- A) қатер, жоғалған файл
- B) қонақүй, демалыс
- C) биіктін кран, құрылыс заттары
- D) экскурсовод, туристік өнім
- E) несие, іс жүргізу

#### 6. 2003ж ҚР ерекше қорғалатын аумақ саны

- A) 25
- B) 115
- C) 118
- D) 21
- E) 5

**7. Сөйлемді жалғастырыңыз: Туристік ...**

- A) жүесі
- B) принтер
- C) маршрут
- D) сканер
- E) интернет

**8. Іле Алатауы шатқалында орналасқан**

- A) Бурабай
- B) Қорғалжын
- C) Шымбұлақ
- D) Барсақалмек
- E) Баянауыл

**9. Сөйлемді жалғастырыңыз: Гид - бұл**

- A) шығыру жабдығы
- B) енгізу жабдығы
- C) интернетға жабдығы
- D) қызмет көрсететін тұлға
- E) файлды көшіреді

**10. Тур бұл - ...**

- A) құқықты растайтын құжат
- B) туристік өнімді ұсыну
- C) жүзеге асырылатын туризм
- D) қызмет көрсетулер кешені
- E) компьютердегі ақпарат

**11. Берілген сөйлемді дұрыс аяқтаңыз. 16 желтоқсан -...**

- A) Ынтымақ күні.
- B) Конституция күні.
- C) Тәуелсіздік күні.
- D) Республика күні.
- E) Жеңіс күні.

**12. Туристік жолдама бұл - ...**

- A) құқықты растайтын құжат
- B) туристік өнімді ұсыну
- C) жүзеге асырылатын туризм
- D) қызмет көрсетулер кешені
- E) компьютердегі ақпарат



**13. Қазақстанның көне қаласын белгілеңіз**

- A) Астана.
- B) Орал.
- C) Ақтау.
- D) Отырар.
- E) Атбасар.

**14. Әлеуметтік жолдама бұл - ...**

- A) құқықты растайтын құжат
- B) туристік өнімді ұсыну
- C) жүзеге асырылатын туризм
- D) қызмет көрсетулер кешені
- E) компьютердегі ақпарат

**15. Туристік ваучер бұл - ...**

- A) фактіні растайтын құжат
- B) туристік өнімді ұсыну
- C) жүзеге асырылатын туризм
- D) қызмет көрсетулер кешені
- E) компьютердегі ақпарат

**16. Зергерлік бұйымдарды белгілеңіз**

- A) алаша, көрпе, төсеніш
- B) кесе, қасық, пышақ
- C) кітап, дәптер, қалам
- D) шолпы, білезік, сырға, қапсырма
- E) қару - жарак, ер - тұрман, қоржын

**17. Қазақ халқының ұлттық ойынын белгілеңіз**

- A) шахмат.
- B) дойбы.
- C) баскетбол.
- D) тоғызқұмалақ.
- E) лото.

**18. Тур сапарға қажетті заттар**

- A) қағаз, ине, ойыншық
- B) естелік зат, сыйлық
- C) гигиеналық заттар, киім
- D) қасық, қалам
- E) көрші, гитар, тышқан

19. Күзден кейін келетін жыл мезгілін көрсетіңіз

- A) апта
- B) қыс
- C) жаз
- D) күз
- E) көктем

20. «Қоян жүрек» фразеологизмінің антонимін табыңыз

- A) қорқақ
- B) әлсіз
- C) салмақты
- D) бағыр
- E) күшті

21. Берілген сөйлемді дұрыс аяқтаңыз. 30 тамыз -...

- A) Ынтымақ күні.
- B) Конституция күні.
- C) Тәуелсіздік күні.
- D) Республика күні.
- E) Жеңіс күні.

22. Көктемнен кейін келетін жыл мезгілін көрсетіңіз

- A) апта.
- B) қыс.
- C) жаз.
- D) күз.
- E) көктем.

23. Сөйлемге есімдікті қой - \_\_\_\_\_ ешқашан елімді сатпаймыз!

- A) мен
- B) сен
- C) сіз
- D) ол
- E) біз

24. «Бала» сөзіне қосылатын қосымшаны анықтаңыз

- A) - шы
- B) - лық
- C) - тың
- B) - лік
- E) - ші

**25. Сұрау есімдіктерін көрсетіңіз**

- A) кім, не.
- B) ешкім, ештеңе.
- C) ешқашан, ешбір.
- D) олар, сендер.
- E) анау, мынау.

**26. Дара сын есімді көрсетіңіз**

- A) ақ
- B) қара ала
- C) қара көк
- D) қызыл сары
- E) ақ ала

**27. Туынды сөзді анықтаңыз**

- A) жол
- B) тазалық
- C) сынып
- D) жаңа
- E) бол

**28. Туынды зат есімді анықтаңыз**

- A) оқытушы
- B) ғалым
- C) ел
- D) жол
- E) қыз

**29. Одағайы бар сөйлемді көрсетіңіз**

- A) Қазіргі кезде интернет ешкімге де таң емес.
- B) Жастардың көбі жеңіл музыканы ұнатады.
- C) Интернет жүйесі арқылы жүздеген елдермен байланыса аласың.
- D) Ах! Болат сен кешегі гала-концертті көрдің бе?
- E) Билл Гейтс - қазір дүниедегі ең бай адам.

**30. Сын есімі бар сөз тіркесін табыңыз**

- A) анау бала
- B) менің әжем
- C) алты адам
- D) әдемі қыз
- E) жеті қыз

**31. Болымсыздық есімдігін белгілеңіз**

- A) әрне, қайбір.
- B) ешкім, ешқайсысы.
- C) бірдеме, біреу.
- D) өзің, өздері.
- E) түгел, тегіс.

**32. «Шапшан» сөзінің антонимы**

- A) лезде
- B) тым
- C) баяу
- D) зорға
- E) салмақты

**33. Синонимдік қатарды көрсетіңіз**

- A) іс, сапар
- B) кінәлі, айыпты
- C) апару, әкелу
- D) жұмысшы, оқушы
- E) мәртебелі, сыйсыз

**34. Синоним сөздерді табыңыз**

- A) бас, аяқ
- B) мұғалім, оқушы
- C) бас, жақ
- D) әдемі, сұлу
- E) үлкен, кіші

**35. Тура мағыналы сөзді табыңыз**

- A) суық сөз
- B) ыстық ықылас
- C) ақ ниетті
- D) жақсы адам
- E) терең ойлы

**36. Антоним қатарды табыңыз**

- A) биік, аласа
- B) кілт, құлып
- C) әдепт, жақсы
- D) әдейі, арнайы
- E) келді, барды

**37. Синонимдік қатарды көрсетіңіз**

- A) зор, үлкен
- B) бай, кедей
- C) қауіпті, зиян
- D) туған, қайтыс болған
- E) кең, тар

**38. Синоним сөздерді көрсетіңіз**

- A) туылу, дүниеге келу
- B) терең, саяз
- C) жүрек, сезім
- D) ортаншы, кіші
- E) таразы, тартылу

**39. "Білім кілті - тіл" дұрыс аудармасын көрсетіңіз**

- A) знание – сила
- B) знание ключ к языку
- C) язык и знания сила
- D) язык ключ к знаниям
- E) любви и береги свой язык

**40. Қыстырма сөзді табыңыз**

- A) ой.
- B) мүмкін.
- C) әкем.
- D) сары.
- E) тоғыз.

**41. "Биік" сөзінің тура мағынада қолданғанын белгілеңіз**

- A) биік сезім
- B) биік сөз
- C) биік ой
- D) биік тұлға
- E) биік тау

**42. Ауыспалы мағынада қолданылған сөзді көрсетіңіз**

**Ниетің қисық болса, ағайынға өкпелеме.**

- A) ниетің
- B) қисық
- C) болса
- D) ағайынға
- E) өкпелеме

**43. Сөздің тура мағынасын табыңыз**

- A) Ойы ұйып қалды
- B) Оң қолым ұйып қалды
- C) Әңгіме ұйып тыңдалды
- D) Олар сүттей ұйып отыр
- E) Сүттей ұйыған жанұя

**44. Омонимдес сөзді көрсетіңіз**

- A) Гүлнәр мектепке барды.
- B) Ол ақылды бала.
- C) Айт болды.
- D) Уақытты бағала.
- E) Айгүл – зерек оқушы.

**45. “Жалығу” сөзінің синонимін көрсетіңіз**

- A) зерігу, құмар болу
- B) еріну, кешіру
- C) жалтару, қорғану
- D) зерігу, іш пысу
- E) ығыр болу, көңілі қалу

**46. Антоним қатысқан сөйлемді көрсетіңіз**

- A) тыным, тыныштық таппаған
- B) бұраң бел, алма мойын
- C) ара гүлге қонды
- D) жақсылық пен жамандық – болды егіз
- E) сөз ағасы – құлақ

**47. Антоним бола алмайтын сөзді табыңыз**

- A) қара
- B) ірі
- C) ара
- D) осал
- E) бар

**48. Синонимдік қатарды тап**

- A) қара, ақ, қызыл, үй
- B) ас, тағам, дәм, тамақ
- C) қара шаш, кітапқа қара, қара түс
- D) ащы, тұщы, алыс, жақын
- E) жақсы, жаман, жарық

**49. Синонимдік қатарды тап**

- A) қара, ақ, қызыл, үй
- B) менеджер, көрермен, қонақ
- C) қонақ, мейман
- D) ащы, тұщы, алыс, жақын.
- E) жақсы, жаман, жарық

**50. Мағынасы жағынан эвфемизмге қарама – қарсы құбылыс қалай аталады?**

- A) табу сөз
- B) антоним
- C) омоним
- D) көнерген сөз
- E) дисфемизм

**51. Қазақстанмен шектескен мемлекеттерді көрсетіңіз**

- A) Әзірбайжан, Ресей, Литва, Иран, Ауғанстан
- B) Ресей, Түркіменстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай
- C) Түркіменстан, Әзірбайжан, Иран, Ауғанстан
- D) Өзбекстан, Қырғызстан, Иран, Ауғанстан
- E) Қытай, Ресей, Ирак, Ауғанстан

**52. Әбілхан Қастеев кім екенін анықтаңыз**

- A) ғалым
- B) суретші
- C) қоғам қайраткері
- D) жазушы.
- E) ақын

**53. Қазақ халқын жонғарлардан қорғаған батырды табыңыз**

- A) Тоқтар.
- B) Мәншүк.
- C) Бауыржан.
- D) Райымбек.
- E) Талғат

**54. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының авторын анықтаңыз**

- A) Мұзафар Әлімбаев
- B) Шотаман Уәлиханов
- C) Шәкен Ниязбеков
- D) Қадыр Мырза - Әлі
- E) Жандарбек Мәлібекұлы

**55. Берілген сөйлемді дұрыс аяқтаңыз. 9 мамыр -...**

- A) Ынтымақ күні
- B) Конституция күні
- C) Тәуелсіздік күні
- D) Республика күні
- E) Жеңіс күні

**56. Б. Момышұлы кім екенін көрсетіңіз**

- A) сазгер
- B) суретші
- C) жауынгер - жазушы
- D) әнші
- E) қайраткер

**57. Қазақтың үш жүзінің басын қосқан ханды анықтаңыз**

- A) Кенесары хан
- B) Әбілхайыр хан.
- C) Қасым хан
- D) Абылай хан
- E) Тәуекел хан

**58. Қазақ халқының ежелгі баспанасын табыңыз**

- A) шалаш
- B) кірпіш үй
- C) киіз үй.
- D) саман үй
- E) коттедж

**59. «сапар» сөзінің аудармасы**

- A) путь
- B) путешествие
- C) путевка
- D) спутник
- E) спонсор

**60. «Ас – адамның .....» мақалды толықтырыңыз**

- A) жауы
- B) арқауы
- C) баласы
- D) анасы
- E) әкесі



**61. «Сөре» сөзінің аудармасы**

- A) книги
- B) доска
- C) полка
- D) парта
- E) ручка

**62. Туристік ресурстар бұл - ...**

- A) рухани қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын нысандар
- B) туристік өнімді ұсыну
- C) қаражатты жүзеге асырылатын туризм
- D) қызмет көрсетулер кешені
- E) компьютердегі ақпарат

**63. Туристік өнім бұл - ...**

- A) фактіні растайтын құжат
- B) туристік өнімді ұсыну
- C) жүзеге асырылатын туризм
- D) қызмет көрсетулер кешені
- E) компьютердегі ақпарат

**64. Турист қай тілден енген сөз?**

- A) француз
- B) орыс
- C) ағылшын
- D) неміс
- E) парсы

**65. Ұлы саяхатшылар, алғашқы ашушылар, ғалымдар мен теңізшілерді анықтаңыз**

- A) Кенесары хан, Әбілхайыр хан.
- B) Абай, Жамбыл
- C) Ә. Қастеев, Ш.Жиенқұлова
- D) Абылай хан, Қасым хан
- E) Фернан Магеллан, Васко да Гама, Христофор Колумб

**66. Менеджер жұмысындағы бағыты?**

- A) фактіні растайды
- B) туристік өнімді ұсынады
- C) ынталандырады, бағыттады, ұйымдастырады
- D) деректері тапсырады
- E) компьютердегі ақпаратты ұсынады

67. «Менеджер- ұйымдастырушы»- бұл ..

- A) кәсіп
- B) сала
- C) мамандық
- D) тур
- E) жүйе

68. Кәсіптік саналық ....

- A) ұжыммен тіл табыса білуі
- B) елдерді тарту
- C) достасу
- D) пікір алмасу
- E) саяхаттау

69. Туризмді дамыған үш ел қатары

- A) Франция, АҚШ, Испания
- B) Қытай, Италия, Түркия
- C) Германия, Ұлыбритания, Ресей
- D) Мексика, Қазақстан, Қырғыстан
- E) Африка, Индия, Индия

70. Баянауыл ұлттық паркінің құрылған жылы

- A) 1980 жылы
- B) 1981 жылы
- C) 1982 жылы
- D) 1983 жылы
- E) 1985 жылы

71) Ең алғашқы болып туристік "тур" деген сөзді ашқан

- A) Египит патшасы
- B) Ұлы Жібек жолы сапарында
- C) Томас Кук
- D) Христофор Колумб
- E) соғыс жорығында

72) Ең алғашқы әлемдік саяхат қашан өтті

- A) 1501
- B) 1841
- C) 1882
- D) 1884
- E) 1880

**73) Туризмнің даму кезеңінің түрлері**

- A) XVIII ғасырдың соңына дейінгі, XIX-XX ғғ., қазіргі туризм
- B) Ұлы Жібек жолы, әлем сапарындағы, қазіргі туризм
- C) ерте кездегі, орта ғасыр, бүгінгі
- D) соғыс кезі, соғыстан кейінгі, соғыс алды
- E) темір жол, параход, жаяу

**74) Алғашқы туризм менеджері**

- A) Египит патшасы
- B) Фараон Нехао
- C) Томас Кук
- D) Христофор Колумб
- E) Лейстерден Лафборо

**75) Туризм түрлері қанша**

- A) 2
- B) 3
- C) 4
- D) 5
- E) 6

**76) Қызметкерлермен кездесуге, түрлі іс-шараларға қатысуын қай түріне жатады**

- A) мәдени - танымдық
- B) шытырман
- C) спорттық
- D) іскерлік
- E) сауықтыру

**77) Тарихи, архитектуралық және мәдени кезендермен танысу қай түріне жатады**

- A) мәдени - танымдық
- B) шытырман
- C) спорттық
- D) іскерлік
- E) сауықтыру

**78) Қазақстан қай жылы Дүниежүзілік туристік ұйымына мүше болып, туризмді дамытудың алғашқы бағдарламасын жасаған**

- A) 1991
- B) 1995
- C) 1993
- D) 1999
- E) 2001

79) «Осы бөлімде оқығаным... мақтан етемін»

- A) да
- B) на
- C) мен
- D) ым
- E) ды

80) Деликатный – сөздің аудармасы

- A) Көрiкті
- B) Сабырлы
- C) Қадiрлі
- D) Биязылық
- E) Ақылды

81) Рекомендации – сөздің аудармасы

- A) Ұсынымдар
- B) Ұсыныстар
- C) Шақырулар
- D) Ашылу салтанаты
- E) Жазбалар

82) Туризмнен түскен табыс нешінші орында

- A) 1
- B) 2
- C) 3
- D) 4
- E) 5

83) Адамның атқаратын еңбегі бойынша өз мамандығын қай топқа жатқызасын

- A) адам – техника
- B) адам – адам,
- C) адам – белгі жүйесі
- D) адам – табиғатж
- E) адам – көркем образ

84) Жолға шыққандағы қауіпсіздік ережелерінің бірі

- A) таңертең ерте шығу
- B) кешке шығу
- C) түсте шығу
- D) жалғыз шығу
- E) оспарламай шығу

85) Өз сана- сезімінді өзгерте отырып, сіз өз ..... жасайсыз

- A) өміріңді
- B) әлеміңізді
- C) ойыңызды
- D) түріңізді
- E) тағдырыңызды

86) Туристерді мәдени құндылықтармен таныстыру мақсаты қай түріне жатады

- A) әлеуметтік
- B) экологиялық
- C) шытырман оқиғалы
- D) іскерлік
- E) мәдени-танымдық

87) Табиғи ұлттық саябақтарының саны

- A) 10
- B) 15
- C) 20
- D) 25
- E) 35

88) Экотуризмге қойылатын бес негізгі критерийлердің бірі

- A) сауықтыру
- B) серуендеу
- C) мақсатқа жету
- D) табиғи ресурстарды пайдалану
- E) емдік шаралар

89) Шолу экскурсиялардың ерекшелігі

- A) көп тақырыпты қамтиды
- B) бір тақырыпты қарастырады
- C) бөліммен қарайды
- D) қысқа баяндайды
- E) тақырыптарды хабарлайды

90) Алғашқы экскурсияға себепші болған

- A) халық
- B) өткен ғасырлардың қоғамдық өмірі
- C) қазіргі кездің өмірі
- D) бұрынғы салт- дәстүрлер
- E) сауда- саттық

**91) Экскурсия не бойынша жүйеленген**

- A) уақыты бойынша
- B) тақырыбы бойынша
- C) адамдар саны бойынша
- D) мезгілі бойынша
- E) өткізген күндері бойынша

**92) Ескерткіштер мен олардың ерекшеліктерін оқып-танысумен айналысады**

- A) мемлекеттік
- B) қоғамдық
- C) мектеп
- D) тарихи
- E) дұрыс жауабы жоқ

**93) Өлкені зерттеумен айналысатын адамды қалай атаймыз**

- A) өлкетанушы
- B) өлке бақылаушы
- C) экскурсовод
- D) мұрағатшы
- E) саяхатшы

**94) Краевед- сөздің аудармасы**

- A) өлкетанушы
- B) өлке бақылаушы
- C) экскурсовод
- D) мұрағатшы
- E) саяхатшы

**95) Солтүстік Қазақстан аймағына жатады**

- A) Көкшетау, Бурабай, Баянауыл, Ерейментау
- B) Зайсан, Марқакөл, қазақстандық Алтай
- C) Қарқаралы, Қызыларай, Бектауата, Ұлытау
- D) Үстірт, Мұғалжар, Каспий ойысы
- E) Жайық өңірі, Ұлытау

**96) Шығыс Қазақстан аймағына жатады**

- A) Көкшетау, Бурабай, Баянауыл, Ерейментау
- B) Зайсан, Марқакөл, қазақстандық Алтай
- C) Қарқаралы, Қызыларай, Бектауата, Ұлытау
- D) Үстірт, Мұғалжар, Каспий ойысы
- E) Жайық өңірі, Ұлытау

**97) Орталық Қазақстандағы табиғи нысандарға жатады**

- A) Көкшетау, Бурабай, Баянауыл, Ерейментау
- B) Зайсан, Марқакөл, қазақстандық Алтай
- C) Қарқаралы, Қызыларай, Бектауата, Ұлытау
- D) Үстірт, Мұғалжар, Каспий ойысы
- E) Жайық өңірі, Ұлытау

**98) Туризм жөніндегі менеджерге талап етілетін қасиеттер**

- A) Ақыл-ой, парасатының мол болуы
- B) Білімді болу
- C) Қиялдай білу
- D) Армандай білу
- E) Өмірді сүю

**99) Мұражай жұмысын ұйымдастыруымен айналысады**

- A) Мемлекеттік
- B) Қоғамдық
- C) Мектеп
- D) Тарихи
- E) Дұрыс жауабы жоқ

**100) Өмір сүрген белгілі адамдардың өміріне байланысты деректер жинау жұмыстармен айналысады**

- A) мемлекеттік
- B) қоғамдық
- C) мектеп
- D) тарихи
- E) дұрыс жауабы жоқ

### Тест жауаптары

№	жауабы	№	жауабы	№	жауабы	№	жауабы
1	B	26	A	51	B	76	D
2	C	27	B	52	B	77	A
3	A	28	A	53	D	78	C
4	E	29	D	54	B	79	E
5	D	30	D	55	E	80	D
6	A	31	B	56	C	81	A
7	C	32	A	57	D	82	C
8	C	33	B	58	C	83	B
9	D	34	D	59	B	84	A
10	D	35	D	60	B	85	B
11	D	36	A	61	C	86	E
12	A	37	C	62	A	87	A
13	D	38	A	63	D	88	D
14	C	39	B	64	A	89	A
15	A	40	B	65	E	90	B
16	D	41	E	66	B	91	B
17	D	42	B	67	C	92	D
18	C	43	B	68	A	93	A
19	B	44	C	69	A	94	A
20	D	45	D	70	E	95	A
21	B	46	D	71	C	96	B
22	C	47	C	72	C	97	C
23	E	48	B	73	A	98	A
24	B	49	C	74	C	99	A
25	A	50	E	75	D	100	B



## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ә. Жолдасбеков. Туристiк кешендерге қызмет көрсету. – Астана, - Фолиант,- 2013.
2. Ә. Мазбаев, Б. Асубаев, Е. Тоқпанов. Туризм және өлкетану. – Астана, Фолиант,- 2013.
3. А.Сатыбаева, Г.Сатыбаева. Қазақ тiлiнiң оқыту әдiстемесi - Астана, 2008.
4. Үлкен қазақша орысша, орысша - қазақша сөздік. Алтын қазына, - 1999.
5. Қазақша-орысша жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінің сөздігі, Астана, 2006.
6. Қазақ тiлiнен синоним сөздігі. С.Байзақов. -Алматы, 2007.
7. Қазақ тiлiнен омоним сөздігі С.Байзақов - Алматы, 2007.
8. Қазақ тiлiнен бекітілген терминдер сөздігі
9. Орысша – Қазақша - Ағылшынша пәндік- тақырыптық сөздік, - Алматы, 2000.
10. Мақал-мәтелдер жинағы, -Ана тiлі, 2004.